	Тақпақ. «Жел» Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. **3.Еңбек:** тәрбиешіге көмек. Үлкендерге қызмет көрсету. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинау. **4.Қимылды ойын:** «Желбезекпен жүгіру». Желбезекті қолға алып жарысу,	**3.Еңбек.** Ауладағы гүлдерді суару. Міндеті: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. **4.Қимылды ойын:** «Кімге қандай құрал керек?» Міндеті: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу. **5.Дербес ойын әрекеті.**	топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. **4.Қимылды ойындар:** «Допты қуып жет», «Кім тезірек?» **Міндеті:** Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. **5.Дербес ойын әрекеті**. Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар	сүйгіштікке тәрбиелеу. **4.Қимылдық ойын:** «Көрші». **Міндеті:** Балалардың ептілікке, сезімталдық, кеңістікті бағдарлай білуге үйретеу **5.Дербес ойын әрекеті**. 1.Орта доп 2.Қуаласпақ	Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап. **Міндеті:** Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру. Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. **3.Еңбек.** «Таза алаң». **Міндеті:** Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. **4.Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи». **Міндеті:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.

	кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болады. **5. Дербес ойын әрекеті.** 1. «Желмен жарысайық» Міндеті: Қолайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл күйде болу.	1.Әткіншек тебу.			**5.Дербес ойын әрекеті**. 2. Әткеншек тебу. Допты қуалау**.**
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Ата-анамен баланың тәртібі, тазалығы мен үлгерімі туралы әңгімелесу.	Кеңес:«Тұмаудың алдын алу жолдары»	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.

Циклограмманы тексерген әдіскер

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
Топ: «Қарлығаш» ересек топ
Балалардың жасы: 4-жасар балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 19.09.-23.09.2022 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі** **19.09.2022**	**Сейсенбі** **20.09.2022**	**Сәрсенбі** **21.09.2022**	**Бейсенбі** **22.09.2022**	**Жұма** **23.09.2022**

Балаларды қабылдау	Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу	Үш түрлі смайликпен қарсы алу	Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу	Достар әнімен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".** Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті	**"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау, оларды жуу, кептіру, сүрту және орнына жинау. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді	**"Оқу құралдары қойылатын шкафта тәртіпті сақтау".** Мақсат-міндеттері. Балаларға өз беттерімен шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)**	**"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттері. Балаларға сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету, жеңдерін түру, шүберекті сулау, құрғатып сығу,	**"Біз орындықтарды орнына қоямыз".** Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият және жылдам орындау. **(сөйлеуді дамыту, еңбек**

	материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)**	дамыту; **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)**		кірлеген шүберекті сумен шаю. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)**	**дағдылары, дербес әрекет)**
	«Емхана» сюжетті-рөлдік ойын. Мақсат-міндеттері. Балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру. Балаларды дәрігер, медбике рөлін ойнауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, қазақ тілі)**	**Құрылыс ойындары «Аспалы көпір».** Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**	**«Кім зейінді?»** Мақсат-міндеттері. Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі заттарды құрастыру. Көрнекілік: сіріңке қорабында геометриялық пішіндер. Барысы: тәрбиеші геометриялық пішіндерден әртүрлі бейнелерді	**Дидактикалық ойыны. «Төлдерін тап».** Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін тиянақтау. Алдарындағы суреттен үй жануарлары мен олардың төлдерін сызық арқылы қосу керектігін түсіндіреді. Қай малдың төлі қалай	**Дидактикалық ойын. "Жамауын тап".** Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттің жетпей тұрған бөлігін тауып, үстіне орналастыруды үйрету. Барысы: педагог әр баланың алдына мысықтар бейнеленген суретті таратады және сурет бөліктері

			құрайды. Жылдам құрастырған балаға мақтау айтылады. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері)**	аталатынын айтқызады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	бейнеленген домалақтарды таратады. Балалар суретте жоқ домалақтардың үстіне, сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды орналастырады. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**
Таңертеңгі жаттығу	1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол белде. 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып: "Мінеі" дейді. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол кеуде тұсында. 2.1. Аяқтарын сәл бүгіп, қолдарын иек тұсына көтеріп "Міне!" дейді. 3. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқ арасы алшақ, дене бос, қол иек тұсында (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 3.1. Жерге отырған қалыпта қол шапалақтау. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).				

	4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене тік, қол кеуде тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын кеуде тұсында ұстау, жұдырық түю. 4.2. Бастапқы қалып: алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 5 рет қайталанады). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолдарын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Тазалықты сақтау үшін сумен дос болу керек. Сылдырлайды мөлдір су. Мөлдір суға әрдайым Беті-қолды тазалап жу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сәлем, күнім! Сәлем, жер! Сәлем, досым! Сәлем, ел! "Сәлем" деймін әрқашан, Арайлы, балабақшам! Жанды және жансыз табиғатты пысықтау. **(сөйлеуді**	«Достық» шеңбері. Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Табиғатты қорғаймыз. Балалар шеңберге тұрады, бір-	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң, құсқа да, аңға да! Қайырлы таң, жайдары жанға да! Қайырлы таң, алға ассын! Кешке дейін жалғассын! (Жарты шеңбер құрып отыр. Бәрі бірге айтады.)	«Армысың шапағатты, Күн-Ана!» Армысың шапағатты, Күн-Ана! Армысың қайырымды, Аспан-Ана! Армысың мейірімді, Жер-Ана! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа!	Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен "Қайырлы таң!"-деймін мен. Күндіз де елді елеймін: Үйге кешке келемін,

	дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)	біріне жылы сөздер айтады. Қазақстан Республикасының алғашқы Елбасы және қазіргі президенті жайлы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**	ҚР Мемлекеттік Рәміздері туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**	"Қазақ тілін мақтан тұтамын" атты тақырыбында әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)**	Не дерімді білемін «Кеш жарық!» - деп кіремін. Шеңбер бойымен тұру, бір-біріне күлімдеп қарау. Тілдер мерекесі жайлы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Қазақ тілі** Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту: сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын	**2.Дене шынықтыру** **Маман жоспары бойынша** «Нан қайдан келеді?» Күнделікті қандай тағамдарды қолданамыз.	**1.Музыка** **Маман жоспары бойынша** Балалардан күз туралы қандай ертегі немесе тақпақ білетінін сұрау. **(сөйлеуді дамыту)**	**2.Дене шынықтыру** **Маман жоспары бойынша** Бақша ауласына серуен жасау, құстарды бақылау, бақша ауласында өмір	**1.Музыка** **Маман жоспары бойынша** **3.Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша** Балалардан еңбек пен демалыс

	дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестіру; құрдастарымен және ересектермен диалог жүргізу; тақырыпты сипаттай білу; антонимдерді түсіну (ақ-қара, үлкен-кішкентай). (Балабақша, үй, есік, терезе, дүкен, емхана, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз)	Олардың пайдасы қандай? Соның бірі нан қалай қайдан келді? Балалардың пікірін тыңдау. Ал нанның дастарханға қалай келетінін білу үшін Ендеше кітаптардан жауабын іздейік. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың таңдауына мүмкіндік беріп нанның суретін салуға болады. **(сурет салу)** Нанды қамырдан жасауға болады деп іс әрекеттермен айналысуын	Ендеше тақпақ жаттайық және өзіміздің күз туралы ертегі кітабымызды жасайық. **(жапсыру)** Балалардың таңдауы бойынша екі орталыққа бөлу. Балалар жұмыстарын аяқтаған соң сергіту сәті. Балалардың жасаған кітапшаларын тамашалап, тақпақтарын тыңдау. Сосын барлығына күз туралы ән жаттатып, би билеуін ұйымдастыру. **(музыка)**	сүретін жануарларды бақылау. Өздері не білетін айтқызу. Құстарға жем, су беру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Құстардың суретін салу. **(сурет салу)** Құрастыру материалдарынан үйшік жасау. **(құрастыру)**	жайында сұрау. Күзде қалай демаламыз, жазда қалай демаламыз айырмашылықтарын білуін сұрау. **(сөйлеуді дамыту)** Ауылшаруашылық мамандықтарымен таныстыру. Олардың пайдаланатын құралдарын таныстыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Балалардың қалауы бойынша кітап көруге, мамандардың құрал саймандарын мүсіндеп жасауға үйрету**(мүсіндеу)**

	Бөбекжайда жұмыс істейтін мамандықтармен таныстыру; сөйлем құрастыру мүмкіндігін дамыту; Серуенді бақша ауласын аралап, күзгі табиғатты тамашалап бақылаумен бастау. Ағаштардың биік аласа қасиеттерін атап, түскен бұтақтар мен жапырақтар, дәндерді жинап, түсін түрін атап,санап ,топқа алып келу. **(қоршаған ортамен танысу,математика негіздері)**	қарастыру. **(мүсіндеу)**			және бидайдай тұқымдарын егуді жасап көруді ұсыну. Сергіту сәтін жасау арқылы орталықтардағы орындарын ауыстырып жұмысты жалғастыру.

	Балалармен бірге жапырақты бояп таңбалап қағаз бетіне басу әдісімен(**сурет салу)** Жапырақтар мен шағын бұтақтардан икебано жасап безендіру заттарын жасап, топты безендіру. **(жапсыру)**				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**1.Бақылау** Желді бақылау **Міндеті:** Мақсаты: Желдің бағытын қапалық арқылы анықтау. 2.Жеке жұмыс. Жұмбақ.	**1.Бақылау** Аула сыпырушы еңбегімен танысу **Міндеті:** Мақсаты: аула сыпырушының қыс кезіндегіеңбег, оның жұмысы туралы балалардыңтүсіні	**1.Бақылау** Ауа-райын бақылау. **Міндеті:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.	**1.Бақылау** Жәндіктерді бақылау. **Міндеті:** Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын	**1.Бақылау** Алтын күзді бақылау. **Міндеті:** Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау. Қай

	Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды. (күннің көзі) **Міндеті:** Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру. **3.Еңбек.** Қар тоқтатуға дайындық. Жөндеу. **Міндеті:** Тәрбиешімен балалардың бірігіп еңбектенуіне тәрбиелеу. Еңбек мазмұнын ұлғайту, әр	гін толықтыру. Балғындардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. **2.Жеке жұмыс.** Қолынакиіп қолғапты, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге ол жол ашты. **3.Еңбек.** Аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпруға көмектесу. **Міндеті:** ересек адамдарға қолдан келгенше көмек беруге деген балалардың	**2.Жеке жұмыс**. Е.Өтетілеуов «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап. **Міндеті:** Үдыбысының айтылуына жаттықтыру. Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. **3.Еңбек.** «Таза алаң». **Міндеті:** Аула сыпырушыға	жинап еңбектеніп жатыр. **2.Жеке жұмыс.** Тыйым сөздерді жаттату. **Міндеті:** «Суға түкірме», «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. **3.Еңбек.** Біздің алаң. **Міндеті:** Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге	ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату. **2.Жеке жұмыс.** «Отбасы мүшелері» **Міндеті:** Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. **3.Еңбек.** «Таза алаң» **Міндеті:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға

	баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету. **4.Қимылдық ойын: «**Шаңғы жарысы» **Міндеті:** Дыбысқа деген іс-әрекетті бекіту (шанада отырып, аяқпен итеру; ішінен жатып, қолмен итеру). **5.Дербес ойын әрекеті**. Еркін ойындар	ынтасын қолдап, еңбекке баулу. **4.Қимылдық ойын:** «Сауыққойлар» (қысқы спорт ойындары.) **Міндеті:** Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. **5.Дербес ойын әрекеті**. Балалардың өзіндік ұжымын дамыту негізінде қарымқатынастың жақсы формаларымен топтамаларын пайдалану.	көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **4.Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи». **Міндеті:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру **5.Дербес ойын әрекеті**. Әткеншек тебу. Допты қуалау**.**	үйрету. **4.Қимылды ойын:** «Итеріспек» **Міндеті:** Шапшаңдыққа баулу. **5.Дербес ойын әрекеті**. Тығылыспақ. Тартқышқа тартылу. 3.Допты қуалау.	үйрету. **4.Қимылдық ойын:** «Көрші». **Міндеті:** Балалардың ептілікке, сезімталдық, кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту. **5.Дербес ойын әрекеті**. 1.Орта доп 2.Қуаласпақ
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)**				

Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)**				
Күндізгі ұйқы	Баяу ырғақты музыка әуенімен балаларды ұйықтату.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқы ашар жаттығу «Күн оянады» - арқада жатып. Шынтаққа көтерілу, басты оңға –солға бұру. «Күн оянады» - арқада жатып. Тізені қолмен құшақтау, оңға солға бұралу. «Күншуақты жаттығу»	Ұйқы ашар жаттығу Тыныс алу жаттығу. Қолға шарды аламыз, Қатты, қатты үрлейміз. Уф-ф-ф, Уф-ф-ф... Қатты үрленген шарым Жарылып қалды, пах.	Ұйқы ашар жаттығу «Денсаулық» жолымен жүру. Арнайы жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз.	Ұйқы ашар жаттығу Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.	Ұйқы ашар жаттығу Ояну жаттығу. Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы таң, құлақтарым! (құлақтарын сипау) Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау)
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**	**Қоршаған ортамен**	**Жапсырудан ойын-жаттығу.**	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**

үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Тақырыбы: "Туыстар. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ы], [і] дыбыстары". Мақсат-міндеттері. Балаларға туыс адамның отбасындағы орны туралы түсіндіру; [Ы], [І] дауысты дыбыстары жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болу мысалдарын көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ**	**танысудан ойын-жаттығу.** "Астанаға саяхат". Мақсат-міндеттері. Балаларды Астана қаласының әсем ғимараттарымен таныстыра отырып, қала туралы әңгімелеп беруді үйрету. **Қимылды ойындар «Үшты-ұшты».** Мақсат-міндеттері. Шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар бастаушының сөзін қалт	"Көк тудың желбірегені". Мақсат-міндеттері. Балаларды көк түсті қағаз бетіне қыран және күннің қимаүлгілерін жапсырып, тудың бейнесін құрастыруды; күн мен күн шуақтарының үстіне тарыны, қыранның үстіне қарақұмықты желімнің көмегімен жапсыруды үйрету. **Дидактикалық ойын. «Жануарлардың төлдерін тауып, оларды бір-бірлеп атап бер".**	"Менің көшемде не бар?" Мақсат-міндеттері. Балалардың екі және үш сандары жөніндегі ұғымдарының негіздерін қалыптастыру, "оң қол", "сол қол" ұғымдарын тиянақтау. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)** **Құрастыру** "Көрнекті ғимарат". Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс	"Ормандағы оқиға". Мақсат-міндеттері. Балаларды ормандағы оқиға желісінің мазмұнымен таныстыру; әңгімедегі көркем сөздерді шынайы айтуға жаттықтыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)** **Дидактикалық ойын. «Киім дүкені»** Мақсат-міндеттері. Ойын барысында рөлдерді ойнауды үйрету. Сатушы әртүрлі

	тілі, көркем әдебиет) **Үстел-үсті ойындары. "Пазылдар".** Мақсат-міндеттері. Зейін, ойлау және визуалды есте сақтау қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)**	жібермей, тыңдап отырулары керек. Ұшатын құс немесе зат туралы айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады немесе ән салады.) **(қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет, дене шынықтыру)**	Мақсат-міндеттері. Үй жануарларын бір-бірінен және төлдерін ажырата білуді, оларға күтім және қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Ойын ережесі: ойыншық үй жануарлары үстелдің үстінде тұру керек. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)**	материалдары: тақтайша, текше, кірпіш, цилиндр, призма, пирамида, арканы пайдаланып екіқабатты ғимаратты құрастыруға үйрету;.	киім түрлері туралы әңгімелейді. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде

Серуенге дайындық	Алдымен, топтағы аяққиімдерін ауыстырып, аяққиімді орнына қойып, киімдерді рет-ретімен киюді үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп, орындарына қойғандарын қадағалау. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)**				
Серуен	**1.Бақылау** Құмырысқаларды бақылау Мақсаты:Құмырсқалардың тіршілік ету әрекеті, мекен ететін жерлері, өзара қарымқатынастары туралы оқушылардың білімдерін анықтау. **2.Жеке жұмыс.** Екі басы жұдырықтай, Ортасы қылдырықтай (Құмырсқа) **3.Еңбек.**	**1. Бақылау** Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.. **2.Жеке жұмыс.** «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей	**1.Бақылау** Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. **2.Жеке жұмыс.** Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) **3.Еңбек**.	**1.Бақылау** Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін:шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату. **2.Жеке жұмыс.** Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) 3.Еңбек. Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне	**1.Бақылау** Алтын күзді бақылау. Мақсаты: Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау. Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату. **2.Жеке жұмыс**. «Отбасы мүшелері» Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.

	Жапырақтарды жинау Мақсаты: еңбекке деген қабілеттерін арттыру. **ойындар:** «Батыл, еңбекқор құмырсқалар», Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. **5.Дербес ойын әрекеті.** 1.Төбешіктентөбешікке секір. 2.Күн мен түн	**3.Еңбек.** Жапырақтардан гүл шоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. **4.Қимылдық ойын:** «Монданақ». Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. (*ойын, қозғалыс ісәрекеті)* **5.Дербес ойын әрекеті.** 1.Орта доп	Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты:Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. **4.Қимылдық ойын:** «Сұр қоян». Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. **5.Дербес ойын әрекеті**. 1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2.«Тәтті тоқаштар» пісірейік.	білуге тәрбелеу. (*еңбек ісәрекеті)* **4.Қимылды ойын:** «Кімге қандай құрал керек?» Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу. **5.Дербес ойын әрекеті.** Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар	**3.Еңбек.** «Таза алаң» Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. **4.Қимылдық ойын:** «Көрші». Мақсаты: Балалардың ептілікке, сезімталдық, кеңістікті бағдарлай білуге үйретк. **5.Дербес ойын әрекеті.** 1.Орта доп 2.Қуаласпақ

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу.	Балалардың тәртібі жайлы әңгімелесу.	«Бала неге тіл алмайды?» тақырыбында әңгімелесу.	«Отбасында отансүйгіштікке тәрбиелеу» туралы ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналар жиналысы: «Отбасы — тәрбие бастауы».

Циклограмманы тексерген әдіскер

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
Топ: «Гүлдер» ересек топ
Балалардың жасы: 4-жасар балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 26.09.-30.09.2022 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі** **26.09.2022**	**Сейсенбі** **27.09.2022**	**Сәрсенбі** **28.09.2022**	**Бейсенбі** **29.09.2022**	**Жұма** **30.09.2022**
Балаларды қабылдау	Балаларды арнайы жасалған күлімдеген күн стикерімен қарсы алу, ыстық мейірімге баулу.	Амандасу дағдысын пысықтау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу.	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу.	Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Тоңды ма сұрау	Амандасу дағдысын пысықтау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу.
Ата-аналармен әңгімелесу, **кеңес беру**	Бала тәрбиесі жөнінде ата-аналарға кеңес беру	Бала тәрбиесі жөнінде ата-аналарға кеңес беру	Бала тәрбиесі жөнінде ата-аналарға кеңес беру	Бала тәрбиесі жөнінде ата-аналарға кеңес беру	Бала тәрбиесі жөнінде ата-аналарға кеңес беру

Балалардың дербес әрекеті **(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)**	**"Кітап бұрышындағы еңбек".** (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларды жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарау, бірге жұмыс істеу, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек**	**"Біздің шкафта тәртіп бар".** Мақсат-міндеттері. Балаларға сыртқа киімдерін қоятын шкафта тәртіп сақтауды үйрету. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)** **Дидактикалық ойын. «Қасқырдан құтқар».** Мақсат-міндеттері. Тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.	**"Асханада кезекшілік атқару".** Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтаудағы ретсіздікті көре білу. **(еңбек дағдылары, сөйлеуді дамыту)** **«Ғажайып қоржын» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Заттардың атауларын жалпылауды, заттарды бір-бірінен ажыратуды үйрету.	**"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды және ұқыптылыққа үйрену. Еңбекке баулу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** **Дидактикалық ойын. "Ғажайып нүктелер".** «Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың суретін салады. Нүктелерді өзара қосып, қарлығаштың суретін шығарады.	**"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".** **(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)** Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяққиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді ұқыпты түрде бүктеп жинау. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге тәрбиелеу. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)**

	дағдылары) **Құрылыс ойындары** "Жануарларға арналған балабақша", "Қуыршақтарға арналған үй". Мақсат-міндеттері. Ағаштардан үй құрылысын жасауды үйрету. Тиянақтылыққа дағдыландыру. **(құрастыру)**			**(сурет салу, сөйлеуді дамыту)**	**Суреттерді бояу** Суреттерді бояу, беттерін де бояу. Мақсат-міндеттері. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(сурет салу, сөйлеуді дамыту, жапсыру)**
Таңертенгі жаттығу	1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол кеуде тұсында. 2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.				

	3.1. Орындарында тұрып, бастарын оңға және солға бұрады. 3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол кеуде тұсында. 4.1. Қолдарын жандарына созады. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 5.1. Қолдарын жандарында ұстап, бір орында тұрып, пингвин сияқты айналу. 5.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Ас ішуге тұрайық, Қолымызды жуайық. Сабын мен суды аямай, Тазалықты сақтайық. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Қылқалам ханшасы».** Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде,	**«Тілек тілеу».** Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты	Сәлем, саған, ыстық жерім! Сәлем, саған, туыс елім! Ыстық маған ошақ үйім, Домбыраның қоңыр	Қайырлы таң, Алтын күн! Қайырлы таң, Жер-Ана! Аман болсын, достарым, Аман болсын, ата-	Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала

	қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге жиналып тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, музыка)**	әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! (Шеңбер құрып тұрады, тақпақты қайталайды). **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.	күйі! **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** Бір-біріне жылулық сыйлап, достық, топтың ережесі туралы әңгімелесу.	анам! **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, сурет салу)** Алтын күз жайлы әңгімелесу.	саяласын. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** Жапырақтар туралы әңгімелесу.

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Қазақ тілі** Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Дос болу сезімін дамыту үшін топқа қонақ боп келген Жанель құршақты таныстыру. Ол өзімен ертіп келген достарын таныстыру. Достарының есімдерін. сұрап, балаларға өз есімдерін айтқызу арқылы танысу дос болу жолдарын	**2.Дене шынықтыру** **Маман жоспары бойынша** Балаларға топты аралатып, топтағы заттарды көрсету. Оларды атап, не үшін қолданылатынын әңгімелеуді дамыту. Топтағы заттарды салыстыру негізінде үлкен кіші, ұзын қысқа деген сөздерді түсініп, қолдануды үйрету. Заттарды пайдаланып көру қабылеттерін дамыту**сөйлеуді**	**1.Музыка** **Маман жоспары бойынша** Топқа әже қонаққа келеді? Балалардан қонаққа кім келгенін сұрау. Сәлемдесу өз әжелерінің есімін атау, әже қандай адамі туралы әңгімелеп беруін сұрау негізінде сөйлеуін қалыптастыру**.** **сөйлеуді дамыту** Ойыншық туралы жаттаған тақпағын айтып, әжеден сыйлық алып құану сезіміне бөленуіне жағдай жасау **көркем әдебиет** Әженің қоржынынан шыққан заттарды санау, топтастыру, салыстыру бойынша	**2.Дене шынықтыру** **Маман жоспары бойынша** Топқа кір қожалақ қуыршақ көмек сұрап келеді. Балалардан қуыршаққа қалай көмектесуге болатынын сұрау арқылы олардың бастамасы бойынша іс әрекет жасау. Балалардан қуыршаққа не болғаны туралы сұрап,ойларын дамыту. Дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстыра сөйлеуін үйрету**.** **сөйлеуді дамыту** Қуыршақтың сүйікті ойыншығы доп екен. Бізде	**1.Музыка** **Маман жоспары бойынша** **3.Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша** Балалардан бізге тамақ әкеліп, бізді күтіп қарайтын апайымыздың есімі кім? Ол бізге қалай қамқорлық танытады. Біз апайымызға қалай қамқорлық таныта аламыз деп балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. **сөйлеуді дамыту** Апайымызбен бірге кітаптар қарайық. Кітаптан көргенімізді апайымызға айтып

	таныту. Достармен қандай ойын ойнайтынын сұрап ойын ойнау негізінде достық сезімдерін дамыту **сөйлеуді дамыту** Аружанның достарына қалаулары бойынша сурет салып беру, арқылы немесе мүсін жасау арқылы жеке қарандашты , ермек сазды қолдану қабылеттерін **қалыптастыру** **Сурет салу Мүсіндеу**	**дамыту,Қоршаған ортамен таныстыру,математика негіздері**	санау қабылеттерін дамыту **математика негіздері**	доппен ойнай аламыз ба деп доппен ойындар ойнату.Сосын доптың суретін салып, мүсінін жасауын , тақтаға жапсыруын ұйымдастыру. Қол қимылын дамытуға жағдай жасау **Сурет салу,Мүсіндеу,Жапсыру**	берейік деп қызығушылығын жетілдіру **көркем әдебиет**
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)**				

Серуен	**1.Бақылау** Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау. **Міндеті:**құстарды тануға, дене бөліктерін атауға үйрету; құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **2.Жеке жұмыс.** «Бозторғай» тақпағын жаттау (С.Сейфуллин) Міне торғай, Үйін қорғай Жер бауырлап зырлайды Шырқап биік, Күнге күйіп Қалмай, сайрап жырлайды.	**1.Бақылау** Күзгі жапырақтарды бақылау. **Міндеті:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау **2.Жеке жұмыс.** Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату. «Күз» Қара бұлт қабағын түйеді Бұталар боз қырау киеді, Осы ма, осы ма, күз деген	**1.Бақылау** Жаңбырды бақылау. **Міндеті:** Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. **2.Жеке жұмыс**. Құстар туралы жұмбақтар жасыру Құйқылжытып дала күйін, Үй ішіне салады үйін (Қарлығаш) Күндіз соқыр не деген? Түнде қандай көреген (Үкі) Еркін самғап ұшсын,-деп Мәпелейміз, баптаймыз Бейбітшілік құсы, - деп Қайсы құсты мақтаймыз? (Көгершін)	**1.Бақылау** Бұлтты бақылау. **Міндеті:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін:шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату. **2.Жеке жұмыс.** «Бозторғай» тақпағын жаттау (С.Сейфуллин) Міне торғай, Үйін қорғай Жер бауырлап зырлайды Шырқап биік, Күнге күйіп Қалмай, сайрап жырлайды. **3.Еңбек.**	**1.Бақылау** Желді бақылау. **Міндеті:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. **2.Жеке жұмыс:** «Күзгі жапырақтар» туралы оқу (Қ. Шарғытбаев) Алтын, сары, қызыл, көк Алуан- алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп,

	3.Еңбек. Ересектің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмалары (мысалы: жапырақтар жинау) **Міндеті:**қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету. **4.Қимылды ойындар:** «Мені қуып жет», «Күннің көзі мен жаңбыр» **Міндеті:** Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. **5.Дербес ойын әрекеті**. Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар	Бақшаға баратын бізбенен **3.Еңбек:** Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру. **4.Қимылдық ойын:** «Орамал тастау». **Міндеті:**Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. **5.Дербес ойын әрекеті**. 1. «Желмен жарысайық»	**3.Еңбек:** Құстарға жем салатын тақтай жасау. **4.Қимылды ойындар:** «Қайтқан құстар», «Құстар мен мысық» Мақсаты: Ойын барысын бұзбай ойнауға дағдыландыру. Құс қимылдары арқылы дене бітімдерін дамыту. **5.Дербес ойын әрекеті**. Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар	Жапырақтардан гүл шоғын жасау **4.Қимылдық ойын:** «Сұр қоян». **Міндеті:** Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. **5.Дербес ойын әрекеті**. 1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2.«Тәтті тоқаштар» пісірейік**.**	Көз тартады атырап. **3.Еңбек.** Біздің алаң. **Міндеті:** Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету. **4.Қимылды ойындар:** «Картоп тасу» **Міндеті:** Қимылды ойынның ережесін сақтай білуге үйрету, ойынның мазмұнын түсіне білуге баулу. **5.Дербес ойын әрекеті**. Еркін ойындар.

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқы ашар жаттығу: «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру (**дене белсенділігі)**	Ұйқы ашар жаттығу: «Қайық» - Төсекте ішпен жатып , қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға- солға тербелу. Жүру түрлеру Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын бөлмеден шығу.(**дене белсенділігі)**	Ұйқы ашар жаттығу: «Кемпірқосақ» - Төсекте арқамен жатып аяғымен ауада шеңбер жасау. Жүру түрлеру Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын бөлмеден шығу.(**дене белсенділігі)**	Ұйқы ашар жаттығу: «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. Жүру түрлеру Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын бөлмеден шығу. (**дене белсенділігі)**	Ұйқы ашар жаттығу: «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. «Тышқандар» - Массажды кілемшеде аяқ ұшымен және өкшемен айналу. (**дене белсенділігі)**

Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Сюжеттік-рөлді ойын. «Шаштараз».** Мақсат-міндеттері. Балаларды шаштараз ойынымен таныстыру, шаштарын үнемі тарақпен тарап, әдеміленіп жүруді үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.** "Менің өлкем". Мақсат-міндеттері. Балаларды Қабдыкәрім Ыдырысовтың «Менің өлкем» өлеңнің мазмұнымен таныстыру; өлең жолдарындағы көркем сөз атауларын шынайы айтуға жаттықтыру. **"Жүгіріп қағып ал" қимылды ойыны.** Балалар ойын	**Сурет салудан ойын-жаттығу** Тақырыбы: Ыдыстар. Мақсат-міндеттері. Балаларды акварель бояуларымен таныстыруды жалғастыру, акварель бояуын суға езу, бояуды қылқаламмен араластырып қоюландыру тәсілін қалыптастыру; қылқаламмен шеңбер және жарты шеңбер пішіндерін бір-бірінің қасына салып, табақша мен шыны-аяқ суреттерін бір сюжетке біріктіруді үйрету. **Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?"** Мақсат-міндеттері. Сөйлеуді дамыту, іс-	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.** "Қыран". Мақсат-міндеттері. Балаларды қыранның сыртқы бейнесімен таныстыру; қыранды тануды, оның тіршілік етуіне қызығушылықты дамыту. **Дидактикалық ойын: "Қыранды тап".** Мақсат-міндеттері. Құстардың бірнеше бөлікке бөлінген суреттерінен қыранды білдіретін суретті табуды үйрету. Зейін, байқампаздық	**Вариативті компонент. Математика негіздері** "Үш марғау" Мақсат-міндеттер: балаларды 3 санының жасалуымен және 3 цифрымен таныстыру; бірнеше заттар тобын салыстыра білуге, үлкен санды атай алуға жаттықтыру; "Барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету. **«Балықшы».** Мақсат-міндеттері. Білімдерін тиянақтау, ойлау

		алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы жақта тұрады (қашықтығы 1,5-2 м). Тәрбиеші «Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, ең жылдам бала қағып алсын!» - деп допты лақтырады да, өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер,» - дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың	әрекетті сөзбен түсіндіруді үйрету. **Дидактикалық ойын. "Басқаша айт".** Мақсат-міндеттері. Жалпылама ұғымдарды бекіту (педагог балаға допты лақтырып, жалпылауыш сөзді атайды, бала допты кері лақтырады және жалпылама ұғымға жататын сөздің нақты атауын атайды: ойыншық - қуыршақ (аю, доп, қоян, трактор), жиһаз - үстел (орындық, шкаф, сөре), киім - көйлек (жейде, шалбар, күртеше), аспап - домбыра (сырнай, сыбызғы, қобыз). **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен**	қабілеттерін дамыту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** **Театрды сахналау.** "Қызыл телпек" ертегі желісін маскамен сахналау. Мақсат-міндететрі. Сөйлеуді, еске сақтауды, қиялды дамыту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**	қабілетін дамыту. Көрнекіліктер: аквариум суреті, балықтар. Ойынның барысы: балалар суреттегі аквариумнан балықтарды аулап алады да, балықтың түсін айтады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**

		қағып алуына мүмкіндік жасап жүреді. Қалған балалар соңынан еріп жүреді. **(дене шынықтыру)**	**танысу)**		
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде
Серуенге дайындық	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуен	**1.Бақылау** Бұлтты бақылау. **Міндеті:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін:шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату. 2.Жеке жұмыс. Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып.	**1.Бақылау** Алтын күзді бақылау. **Міндеті:** Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау. Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін	**1. Бақылау** Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау. **Міндеті:** құстарды тануға, дене бөліктерін атауға үйрету; құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **2.Жеке жұмыс.** Құстар туралы әңгімелесу **Міндеті:** Балаларға жыл құстарының тіршілігі туралы	**2. Бақылау** Күзгі жапырақтарды бақылау. **Міндеті:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.) **2.Жеке жұмыс.** «Күзгі жапырақ» тақпақ	**1.Бақылау** Жаңбырды бақылау. **Міндеті:** Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. 3. **Жеке жұмыс.** Ал керемет бұл қандай?

	(Бұлт) **3.Еңбек.** Ауладағы гүлдерді суару. **Міндеті:** Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. **4.Қимылды ойын:** «Кімге қандай құрал керек?» **Міндеті:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу. **5.Дербес ойын әрекеті.** 1.Әткіншектебу.	ажырату. 2.Жеке жұмыс. «Отбасы мүшелері» Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. **3.Еңбек.** «Таза алаң» **Міндеті:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету. 4.Қимылдық ойын: «Көрші». **Міндеті:** Балалардың ептілікке,	түсіндіру, құстардың түрлерімен таныстыру. **3.Еңбек.** Ересектің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмалары (мысалы: жапырақтар жинау) **Міндеті:** қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету. **4.Қимылды ойындар:** «Мені қуып жет», «Күннің көзі мен жаңбыр» **Міндеті:** Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. **5.Дербес ойын әрекеті**. Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар	Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей **3.Еңбек.** Жапырақтардан гүл шоғын жасау **Міндеті:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. **4.Қимылдық ойын** «Монданақ». **Міндеті:** Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. **5.Дербес ойын әрекеті**. 1.Орта доп 2.Әткеншек тебу 3.Қуаласпақ	Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) **3.Еңбек.** Ағаш түптерін қопсыту. **Міндеті:** Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. **4.Қимылдық ойын** «Сұр қоян». **Міндеті:** Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа

		кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту. **5.Дербес ойын әрекеті.** 1.Орта доп			баулу. **5.Дербес ойын әрекеті**. 1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2.«Тәтті тоқаштар» пісірейік**.**
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата-анаға кеңес: «Балаңыз отбасында өзіне-өзі қызмет көрсете ала ма? қадағалау	Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.	Ата-анаға кеңес: Балабақшаның күн тәртібімен үйдегі күн тәртібін сәйкестендіру	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.

Циклограмманы тексерген әдіскер

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
Топ: «Гүлдер» ересек
Балалардың жасы: 4-жасар балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 03.10-07.10.2022 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі** **03.10.2022**	**Сейсенбі** **04.10.2022**	**Сәрсенбі** **05.10.2022**	**Бейсенбі** **06.10.2022**	**Жұма** **07.10.2022**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу	Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу	Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу	Қызыл жүрекшемен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, **кеңес беру**	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті **(баяу қимылды ойындар, үстел**	**"Кітап бұрышындағы еңбек".** (кітаптарды	**"Біздің шкафта тәртіп бар".** Мақсат-міндеттері:	**"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттері: балаларға кезекші	**"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттері: еңбекке тұрақты	**"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".**

үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері: балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** **Үстел үсті ойыны.** **"Лото. "Ұл мен қыздың**	балаларға сыртқы киімге арналған шкафта заттарды бүктеу кезінде ұқыптылыққа үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** **Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де.	міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығының ретсіздігін көру. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** **"Сақина" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды зеректікке, ептілікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Бастаушы шеңбер ішіне, ал балалар шеңберді айнала тұрады. Алақанында сақина бар, оны екі қолды біріктіріп, кезек-кезек балалардың	қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні іліп қою және ұқыптылықты үйрену. Еңбекке баулу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** **"Менің жанұям" фотосуреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттері. Байланыстырып сөйлеу қабілетін жетілдіру, сөздік қорын молайту; туыстарға сүйіспеншілікті арттыру. Фотосуретте бейнеленген отбасы жайлы әңгімелеу,	**(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)** Мақсат-міндеттері: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету, шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіп сақтауға дағдыландыру. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** **"Үй құрастырамыз" құрастыру ойыны.** Мақсат-міндеттері.

	киімдері". Мақсат-міндеттері. Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу. - Кімге не қажет? Қыз бен ұлға киім таңдау.	Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ! Қала салсақ, жол салсақ.	алақанын ашып, байқатпай балалардың біріне беруге тырысады.		Балалардың зейінін, ойлау, елестету қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; отбасына сүйіспеншілігін дамыту. Балалар құрылыс материалдарынан әртүрлі үйлерді құрастырады.
Таңертенгі жаттығу	1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында. 2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.				

	3.1. Орындарында тұрып, бастарын оңға бұрады. 3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында. 4.1. Қолдарын жандарына созады. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: екі аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 5.1. Қолдарын жандарында ұстап, бір орында тұрып, пингвин сияқты айналу. 5.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Таңғы ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық сақтау). Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Дайын қасық, дәмді ас. Еш нәрсені қалдырмас. Балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта түзу отырмаса, педагог оған орындықта дұрыс отыру керектігін айтады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған	«Қылқалам ханшасы».	«Тілек тілеу». Барлығымыз	Сәлем саған, ыстық жерім!	Қайырлы таң, Алтын күн!	Күн жылуын аямасын,

іс-әрекетке дайындық	Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау. **(сөйлеуді дамыту)**	табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! (Шеңбер құрып, қайталайды). Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)**	Сәлем саған, туыс елім! Ыстық маған ошақ үйім, Домбыраның қоңыр күйі! Бір-біріне жылулық сыйлап, достық туралы, топтың ережесі туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)**	Қайырлы таң, Жер-Ана. Аман болсын, достарым, Аман болсын, ата-анам. Алтын күз туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)**	Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын. Жапырақтар туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша	**Қазақ тілі** Қазақ тілі "Күз мезгілі. Алтын күз".	**2.Дене шынықтыру Маман жоспары**	**1.Музыка** **Маман жоспары бойынша**	**2.Дене шынықтыру** **Маман жоспары бойынша**	**1.Музыка** **Маман жоспары бойынша** **3.Дене**

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Балаларды қолын жуар алдында жеңдерін түріп, бетін су шашпай жууға үйрету; дәретханадан кейін және қажет болғанда қолды жуу мүмкіндігін күшейту. **Көркем сөз** Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				

Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Ұйқымызды ашайық "Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф". "Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.	Ұйқы ашар жаттығуы Бастапқы қалып: ішпен жатып, қолды алға бүгу, маңдайды қол сыртына саусаққа тигізу. Баспен денені көтеріп, қол «қанат» 5-ке дейін санап осы қалыпта қалу; б.қ. келу.	Ұйқы ашар жаттығуы «Көңілді қоңыздар» массаж түрлері Мақсаты: Балалардың денсаулығын нығайтуға, дене бітімін жақсы қалыптастыруға, қан айналымын жақсартуға, көздерін демалтуға, балалардың арқасындағы, қолындағы, табандағы нүктелерді оятуға арналған.	Ұйқы ашар жаттығуы Бастапқы қалып: ішпен жатып, қолды алға бүгу, маңдайды қол сыртына тигізу. Бөксені төсектен қозғамай,әр аяқты алма-кезек	Ұйқы ашар жаттығуы Бастапқы қалып: ішпен жатып, қолды алға бүгу, маңдайды қол сыртына саусаққа тигізу. Баспен денені көтеріп, қол «қанат» 5-ке дейін санап осы қалыпта қалу; б.қ. келу.
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті	**Жапсырудан**	**Қоршаған ортамен**	**Көркем әдебиеттен**	**Қоршаған ортамен**	**Сөйлеуді дамытудан**

(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**ойын-жаттығу** "Шырша ойыншықтары" Мақсат-міндеттер: балаларды шырша және шырша ойыншықтарының дайындамаларын қағаз бетіне орналастырып, жапсыруға үйрету. **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Қапқа жасырынған сыйлықтар". Мақсат-міндеттер: балалардың заттарды көзбен	**танысудан ойын-жаттығу** "Жасыл шырша сыйлығы". Мақсат-міндеттер: балаларды шырша ағашының ерекшеліктеріме н таныстыру; жаңа жылда шырша ағашын пайдалану себептері туралы білімдерін кеңейту. **Театрды сахналау.** Мақсат-міндеттер. «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегі желісін қуыршақ театрымен	**ойын-жаттығу** "Жаңа жыл қарсаңында". Мақсат-міндеттер: балаларды "Жаңа жыл қарсаңында" картинасының мазмұнымен таныстыра отырып,картинад ағы әрекеттер арқылы эмоционалды жауаптар қайтара білуге үйрету. **Дидактикалық ойын «Сиқырлы суреттер».** Мақсат-міндеттер: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау	**танысудан ойын-жаттығу** "Жасанған шырша". Мақсат-міндеттер. Балалардың жасыл шырша туралы түсініктерін кеңейту; жасыл шыршаның табиғаттың төрт мезгілінде жасыл болатындығын байқау дағдыларын жетілдіру; жасыл шыршаның қасиеттерін білуге деген қарапайым зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын арттыру; Жаңа жылдық сыйлықтар	**ойын-жаттығу** "Аққаламен сөздік жаттығулар тізбегі". Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақ және жұмбақ ауыз әдебиет формалары жөнінде ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; Жаңа жыл мерекесіне қатысты тақырыпты пысықтау. **"Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.** Мақсат-

	көрмей-ақ бірден беске дейін санау амалы туралы білімдерін кеңейту. **«Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта».** Ойынның мақсат-міндеттері: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар. Ойынның мазмұны: балалар сипап сезу арқылы заттың ұзын не қысқалығын анықтайды.	сахналау. Ертегідегі рөлдік диалог сөздерді балалардың аша білуіне, қарым-қатынаста сыпайылықты сақтау іскерліктеріне мүмкіндіктер туғызу. **(көркем әдебиет, қазақ тілі)**	үрдістерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: қиылған әртүрлі суреттер. Ойынның мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша қиындылардан тұтас суретті құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)**	туралы түсінік беру. Шырша туралы көркем сөздер мен жұмбақтар арқылы балалардың тілі мен сөздік қорын молайту; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын және есте сақтауы мен ойлау қабілетін дамыту. Балалардың оқу қызметінде жасыл шыршаға қызығушылықтарын арттыру; бір-біріне мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне және жансыз табиғаттағы	міндеттер: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды. **(сөйлеуді дамыту)** **Вариативті компонент. Математика негіздері** "Уақыт түсінігі". Мақсат-міндеттер: балаларды уақыттың бөліктері туралы (таңертең, күндіз, кеш, түн)

	Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзіңді жұм да, қарындаштың ұзын не қысқалығын анықта» деген тапсырма береді. **(сөйлеуді дамыту)**			құбылыс ерекшеліктерін танып-білсем деген танымдық белсенділікке тәрбиелеу. **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Шыршаның түрлі ойыншықтары". Мақсат-міндеттер: балаларды ұйымдастырып, ұжымдық сурет салу амалдарына бейімдеу; шырша бұталарына фломастермен қылқандарын, түрлі пішінді, түрлі түсті ойыншықтарды салу техникасын дағдыландыру.	түсінік беру; тәулік бөліктерінің атауын; табиғат құбылыстарымен байланыстыруға үйрету; аптадағы күндердің атауын жаттау; балалардың бойында уақыт туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру.

Балалармен жеке жұмыс	Дүйсенбек Шахназ Шығарма жанрларын (тақпақ,ертегі,әңгіме және тағы басқа) ажырата алуды үйрету Ниязов Жасұлан Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту.	Болат Нұржан Тілдегі барлық дыбыстарды анық айтуды үйрету. Нағашыбаев Інжу Сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны,интонация) сақтауды дағдыландыру.	Нағашыбаев Інжу Отбасы мүшелері туралы әңгімелеп, оларға өзінің қарым-қатынасын білдіру. Дүйсенбек Шахназ Түсі мен көлемі бойынша ажырата алуды дағдыландыру.	Сарсеков Асылжан Қол,саусақ қимыл қозғалыс икемділігін игеру. Жұмабеков Исмаил Түсі мен көлемі бойынша ажыратуды үйрету	Ниязов Жасұлан Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгеруге үйрету.
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				

Серуен	**1.Бақылау** Маусымдық өзгерістерді бақылау Міндеті: Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін қалыптастыру; қыс аяғындағы табиғат көрністерін (су тамшылары, қардың жібуі т.б.) көре білуге баулу. өлең жолдарындағы қыс көрністері туралы бейнелеуді таба білу туралы білімдерін бекіту. **2.Жеке жұмыс.** Жұмбақ Жиегіне шатырдың, Мұздан шеге қатырдым. (сүңгі)	**1.Бақылау** Жеңіл көліктерді бақылау Міндеті: Мақсаты: автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту. (*танымдық,* **2.Жеке жұмыс.** «Тәртіп керек баршаға» Е.Елубаев Бұзба көше тәртібін, Ұрынасың апатқа. Қызықты өтсін әр күнің, Жақын болма шатаққа. Көшеден өтер кезінде, Абайлап қара жан-жаққа, Келе жатқан көлікке, Жол бер, өтсін, асықпа! **3.Еңбек**	**1.Бақылау** Мұздақты бақылау. Мақсаты: Міндеті: Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. **2.Жеке жұмыс.** Жұмбақ жатттату Отқа жанбас, Суға батпас (мұз) **3.Еңбек** Қардан кішкене үйшік дайындау. Міндеті: Балаларды бірлесіп еңбек етуге баулу. **4.Қимылды ойындар:** «Қазан». Міндеті: Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың	**1.Бақылау** Басқа топ балаларын бақылау. Мақсаты: Міндеті: Басқа топ балаларының ойнауын бақылау арқылы достыққа тәрбиелеу. **2.Жеке жұмыс.** Тамаша, тамаша, Шыршамыз тұр жараса. Басында әсем жұлдызы, Көз тоймайды қараса. **3.Еңбек** Қардан кішкене үйшік дайындау Міндеті: Балаларды еңбек етуге баулу. **4.Қимылды ойындар:** «Кім тез?». Міндеті: Балаларды шапшаңдыққа, тапқырлыққа, жылдам шешім	**1.Бақылау** Аязды бақылау. Мақсаты: Міндеті: Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. **2.Жеке жұмыс.** Жұмбақ: Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз). **3.Еңбек** Ауладағы қарды күреу. Міндеті: Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету.

	3.Еңбек Кіші балалар тобының алаңын қардан тазалауға көмектесу. Міндеті: достық қарым-қатынаста еңбек етуге тәрбиелеу. **4.Қимылды ойындар:** «Төбешіктентө бешікке». Міндеті: ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру.*)* **5.Дербес ойын әрекеті.** Еркін ойындар.	Ауланы бірлесе отырып тазалау. Міндеті: бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу; жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету. **4.Қимылды ойындар:** «Бағдаршам». Міндеті: белгі бойынша әрекет етуге, қимылқозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету. **5.Дербес ойын әрекеті.** Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар	көңілдерін көтеру. **5.Дербес ойын әрекеті.** 1.Әткеншек тебу.	қабылдауға үйрету. **5.Дербес ойын әрекеті.** 1.Жарысу. 2.Төбешікке секіру.	**4.Қимылды ойындар:** «Сырғанақ тебу» Міндеті: Балалардың ойын әрекетіне деген қызығушылықтарын дамытып, ептілікке, қырағылыққа, шапшаңдыққа баулу. **5.Дербес ойын әрекеті.** Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға	«Баланың эмоциялық жағдайы».	«Баланыздың неге бейім екендігін	Кеңес беру. «Неліктен бала тыңдамайды?»	Балалар отбасында өздері не істей алатындары	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».

кеңес)		байқадыңыз ба?»		туралы әңгімелесу.	

Циклограмманы тексерген әдіскер

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
Топ: «Гүлдер» ересек
Балалардың жасы: 4-жасар балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 26.12-30.12.2022 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі** **26.12.2022**	**Сейсенбі** **27.12.2022**	**Сәрсенбі** **28.12.2022**	**Бейсенбі** **29.12.2022**	**Жұма** **30.12.2022**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу	Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу	Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу	Қызыл жүрекшемен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың рекеті (баяу ы ойындар, ті ойындары, у әрекеті, қарау және қа әрекеттер)	**"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттері: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты және	**"Төсектерді төсеуге күтушіге көмек көрсету".** Мақсат-міндеттері: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік	**"Бөлме өсімдіктерін жуу".** Мақсат-міндеттері: балаларға суару әдістері (тегенде, жапырақтардың астында) және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру;	**Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.** Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауға үйрету, аквариумдағы балықтың әдеттеріне қызығушылық тудыру. **(еңбек дағдылары)**	**"Кірлеген орамалдарды ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген

	тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	сезімін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	өсімдіктерге күтім жасау ниетін дамыту. Балаларды көмекке тарту, жабық өсімдіктер туралы балалардың ойларын нақтылау. **(еңбек дағдылары)**		ниетке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**
	Дидактикалық ойын. **«Көлеңкесін тап».** Мақсат-міндеттер: балаларды әр аңның көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Аңдардың атауын атап,	**"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді.	**Санамақтар.** Бірім - бір, Екім - екі, Үшім - үш, Төртім - төрт, Бесім - бес, Алтым - алты, Ауыр балтам, Қалды қалтам! Қырқылдауық,	**"Лото" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар қыс мезгілінің, жаңа жылдық суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды. Құралдары: ойыншықтар, киім,	**Пирамидаларды құру жаттығулары.** Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана. Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту. **(танымдық дағдылар)**

	сипаттауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** **Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.** Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. Барысы: жаңа жылға дайындалып жатқан аңдардың суретін бояу. **(сурет салу)**	Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру. **(математика негіздері)**	Қырма тауық! Олпық-солпық, Сен кір, сен шық! **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар. **(сөйлеуді дамыту)**	
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары** 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу. 1 - қолдарымен иықтарын құшақтап, саусақтарын жұму; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).				

	2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде. 1 - оң аяқты ұшымен алдына қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (Осы жаттығу сол жақпен қайталанады, 4 рет). 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу. 1 - 2 - алға еңкейіп, саусақтарын еденге тигізу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау. 1 - тізені бүгіп, қолымен құшақтап, басын тізесіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 3 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау. Бүгілген аяқтарымен ""велосипед"" тебу, 1-8 сандары аралығында санау арқылы аяқтарын айналдыру; үзіліс жасап, қайта айналдыру. 6. Бастапқы қалып: аяқты қайшылап отыру, қол белде. 1 - денені оң жаққа бұрып, оң қолын жанына жіберу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу сол жаққа қайталанады, 4 рет). 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде. 1 - 4 дейін санап, оң аяқпен секіру, 5-8 дейін санап, сол аяқпен секіру, балалар педагогтің санауы бойынша секіру жаттығуларын орындайды, арасында үзіліс жасап, қайтадан секіреді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)**
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.

	Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жаңа жылдық сыйлықтар туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**	Жасыл шырша туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**	Шырша туралы әндер жаттайық. Жаңа жылдық хикаялар айту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	Жаңа жылдық мәнерлеп тақпақтар айтайық. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	Жаңа жылдық кездесу, сұхбат жүргізу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**
Білім беру ұйымының кестесі **бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Қазақ тілі** "Әңгімені мәнерлеп оқу "Біз қармен қалай ойнадық". Биік - аласа. Тар - жіңішке.". Мақсат-міндеттер.	**2.Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша** «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін оқып беру. Өз бетінше	**1.Музыка** **Маман жоспары бойынша** «Үш торай» мультфилімін тамашалату.	**2.Дене шынықтыру** **Маман жоспары бойынша** Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан	**1.Музыка** **Маман жоспары бойынша** **3.Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша** «Ертең жаңа жыл» тақырыбында

	Балаларды «Біз қармен қалай ойнадық» әңгімесімен таныстыру; әңгіме жанры туралы түсінік беру; қысқы өзгерістер туралы білімдерін кеңейту, қысқы қызықтар жайлы түсініктерін қалыптастыру; «биік - аласа», «тар - кең» шамалары туралы түсініктерін бекіту, сөйлеу барысында қолдануға жаттықтыру; Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін суреттер арқылы қалыптастыру. Топтағы мерекеге	рөлді таңдап, сомдауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** Ертегі желісі бойынша қалаған жануарының мүсінін жасату. **(мүсіндеу)**	Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдірту **(көркем әдебиет)** Ертегі желісі бойынша ұжымдық сурет салдырту**(сурет салу).**	тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қалтадан ойыншықтар шығару, балалар топтан соның жұбын табады. **(математика негіздері)** Сазбалшықтан шыршаға ойыншықтар жасату. **(мүсіндеу)**	әңгімелесу. Үйдегі жаңа жылға дайындығы, аяз атадан алған және алатын сыйлықтары туралы өз ойларын толық сөйлеммен жеткізе білу дағдысын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** Шыршадағы ойыншықтарды санау, олардан қандай жиындар жасауға болатынын анықтау. Бірдей сандағы ойыншықтарды табу. **(математика негіздері)**

	дайындықты байқату. Ертеңгіліктерге жаттап жүрген әндерін тақпақтарын естеріне түсіріп айтқызу. **(қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)**				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**1.Бақылау:** **Қардағы іздерді бақылай білу** Көркем сөз. Ойын ойнап, міне біз, Қыс қызығын көреміз. Шанаға да мінеміз, Шаңғыны да	**1.Бақылау:** **Өзенді бақылау** Жұмбақ. Туған жердің белбеуі, Шұбатылып қалыпты. Керемет-ау кернеуі, Тасты тесіп, жарыпты. (өзен)	**1.Бақылау:** **Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау** Көркем сөз. Күн мұңайып тұр бүгін, Қыс ызғары келеді. Жұмбақтар.	**1.Бақылау:** **Қар мен мұзды бақылауды жалғастыру.** Мақсат-міндеттер. Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру. **Зерттеу.** Үлкен және кішкентай	**1.Бақылау:** **Қардың түсуін бақылауды жалғастыру.** Мақсат-міндеттері. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қардың түсуі маусымдық құбылысқа жататынын түсіндіру, қыс туралы білімдерін кеңейту. **Зерттеу.** Ақ қағазға

	тебеміз. Жұмбақ. Мен кетемін, ол қалар. (із) **Бақылау:** қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу; **2.Жеке жұмыс.** Жұмбақ: Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз). **3.Еңбек:** орындық үстінен қарды сыпыруға, өз еңбектерін жауапкершілікпен орындай білуге үйрету. **4.Қимылды ойын. «Нысанаға тигіз».**	Мақал-мәтелдер. Бұлт өзеннен су алса ғана жауады. **Бақылау:** қыстағы су құбырлары жайлы түсініктерін анықтау. **2.Жеке жұмыс.** Тамаша, тамаша, Шыршамыз тұр жараса. Басында әсем жұлдызы, Көз тоймайды қараса. **3.Еңбек.** «Қар ойыны. Қар туралы білімдерін бекіту; берілген тақырып бойынша құрылыстар жасату; табиғи материалдарды қолдану арқылы шығармашылық қабілеттерін	Жаңа жыл күні Төріңде тұрар. Басқа күні Өскен жерінде тұрар. (шырша) **Бақылау:** қылқан жапырақты ағаштарды еске түсіру. Шырша мен қарағай ағаштарын ажырата білу. **2.Жеке жұмыс.** Жұмбақ Жиегіне шатырдың, Мұздан шеге қатырдым. (сүңгі) **3.Еңбек:** ағаштың қасына түскен бұталарды	қаңылтырдағы, таза және боялған судың қату уақытын салыстыру; ыдысқа тығыз немесе еркін салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру. **2.Жеке жұмыс.** Тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы) **3.Еңбек:** алаңда өсетін өсімдіктерге күтім жасау. Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы еңбекке, қоршаған ортаға қызығушылықты қалыптастыру. **4.Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қарға мен торғай".** Міндеті. Педагогтің бұйрығын мұқият	ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. **2.Жеке жұмыс.** Тамаша, тамаша, Шыршамыз тұр жараса. Басында әсем жұлдызы, Көз тоймайды қараса**.** **3.Еңбек:** ағаштардың тамырларын қармен жабу. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту. **4.Қимыл-қозғалыс ойындары.** "Аққала ойыны". Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. **"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттері.

	Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру. **5.Өз бетімен ойындар.** Ойын барысында балаларды ойын ережесін сақтауға, орындауға тәрбиелеу (жүргізу мәдениеті, достық, ұжымдық түсіністік болуын қадағалау).	арттыру **4.Қимылды ойын.** **«Белгіні тыңда».** Берілген дабыл бойынша әр түрлі қимылдар жасау. Жүгіру (қысқа, кең адыммен, аяқты екі жаққа жіберіп жүгіру, секіру арқылы жүгіру). Жаттығу жұмыстарына деген қызығушылықтарын ояту, қимылдарының деңгейін жақсарту. **5.Өз бетімен ойындар:** ойынды ұйымдастыру кезеңі (бастапқы және жүру барысы) рөлдермен байланыстыра отырып	жинау. Балаларға алаңда жүрген кезде қоқысты жинату (ағаш жанындағы бұталар), содан кейін арнайы орынға апаруға үйрету. **4.Қимылды ойын.** **«Қақпа».** Алаңда қозғалып жүру. «Бір, екі, үш - ұста» дегенде, бәрі алаңға жүгіреді. Бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу. **5.Өз бетімен ойындар.** Ойынға өз беттерінше	тыңдауды үйрету; зейінді дамыту. **"Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын.** Мақсат-міндеттері: балаларға ойын ережелерін қатаң сақтауды үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. **5.Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** еңбектеу. Мақсат-міндеттері. Қимылдарды үйлестіруді дамыту; батылдықты, шешім қабылдай алуға тәрбиелеу.	"Қақпаға"допты кіргізуді үйрету, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. **5.Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Қар лақтыруды үйрету.

		балалардың танымдық қабілеттерін арттыру.	тақырып таңдап үйрену, қоршаған ортаның жақсы жақтарынан көрсетіп, алған білімдерін көрсете білу.		
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	«Түлкі мен тырна» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				

Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.	Ұйқы ашар жаттығу. Майтабанның алдын алу. (2 минут) Мысық сияқты аяқтын ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,жүру орнымызға қарай жүгіру. Орындықта отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстыры табандағы нүктелерге массаж жасау.3-4р	Ұйқы ашар жаттығу. Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. (2 минут) Ашулы мысық тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды төмен қаратып арқамызды жоғары көтеру.	Ұйқы ашар жаттығу. «Қайық» - Төсекте ішпен жатып , қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға- солға тербелу. «Тышқандар» - Массажды кілемшеде аяқ ұшымен және өкшемен айналу «Кемпірқосақ» - Төсекте арқамен жатып аяғымен ауада шеңбер жасау. «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу.	Ұйқы ашар жаттығу. «Мысықтар ұйқыдан оянуда» Шалқадан жатып, қолдарын жанына қояды. Бірінші оң қолдарын одан кейін сол қолдарын жоғары көтеріп созылады. Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың	**Сөйлеуді**	**Сурет салудан**	**Құрастырудан**	**Қоршаған ортамен**	**Вариативті**

дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**дамытудан ойын-жаттығу** "Қысқы аулада" суреттер тізбегі бойынша әңгіме құру. Мақсат-міндеттер: балалардың қысқы ойындар туралы білімдерін жетілдіру; балалардың ойындар түрі туралы жаңа мағлұматтар беріп, "қысқы ойындар" ұғымын кеңейту; сөйлеудің әңгіме түрі туралы түсініктерді тиянақтау; қыста денсаулықты сақтау қағидалары туралы баяндау. **Көркем**	**ойын-жаттығу** "Қос қолғап". Мақсат-міндеттер: балаларды монотипия сурет салу техникасымен таныстыру; қос қолғаптың біріне қылқалам мен бояу арқылы қарапайым ою элементтерін салып, екінші жаққа, қағазды екіге бүктеп, басып, тура сондай оюлар бейнесін шығаруға үйрету. **"Мысық пен тышқандар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; бегле	**ойын-жаттығу** "Қыс қызығы аққала". Мақсат-міндеттері: балаларды қалдық материал: поролоннан сызық бойымен домалақ кесіп алу, домалақтарды көлемі бойынша қағаз бетінде орналастырып, аққаланы құрастыруға үйрету. **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Қыстың жуан және жіңішке	**танысудан ойын-жаттығу** "Ақ аю". Мақсат-міндеттер: балалардың қыс мезгілдерінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; ақ аюдың сыртқы түрі мен қыстағы тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту. **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Жылқы". Мақсат-міндеттер: балаларға жылқыны саз балшықтан жасауға, дене пішінін, фигураның қозғалысын дұрыс беруге, фигураға тән сипатына қарай	**компонент. Құрастыру** "Қыс қызығы". Мақсат-міндеттер: балаларға қардан құрылыс немесе қамалдар жасауға үйрету: қойылған мақсатқа жетуге, ұжымдық жұмысты эстетикалық түрде жасауға үйрету; өз әрекетін жоспарлай білу дағдысын дұрыс дамыту. **«Тақия тастамақ» қимылды ойын.** Ойынның мақсат-міндеттер. Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның шарты: бір оқушы тақияны шеңбер бойымен жүріп, кез келген

	әдебиеттен ойын-жаттығу "Сырғанақ". Мақсат-міндеттер: балаларды сырғанақта ойындар суреті бойынша әңгімелеуге жаттықтыру; Бауыржан Жақыптың "Сырғанақ" тақпағымен таныстырып, қимыл жаттығуларын тақпақ жолдарымен жатқа сүйемелдеуге үйрету.	бойынша қимылдауға дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу. **(дене шынықтыру)**	жолақтары". Мақсат-міндеттері: балалардың заттардың жуандығы туралы білімдерін кеңейту, "ең жуан", "жіңішкелеу", "ең жіңішке" сияқты шамалар ұғымдарын қалыптастыру. **"Өз үйіңді тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды тапсырма бойынша өз үйлерін табуға	саздылықты, сымбаттылықты бере білуге үйрету. **"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.	баланың басына кигізеді. Басында тақиясы бар бала түбір және туынды сөзді айтады. Ойын осылай жалғаса береді.

			үйрету; жылдамдыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.	**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	
Балалармен жеке жұмыс	Узбеков Рустам Қарапайым тәсілдерді қалыптастыру. Суиндикова Айдана Айналасындағы заттардың міндеттерін білуге үйрету.Ересек пен бірге ән айтуғ аынта білдіруге үйрету. Қарлығаш,Исмайл	Ниязов Жасұлан Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгеруге үйрету.	Нағашыбаев Інжу Отбасы мүшелері туралы әңгімелеп, оларға өзінің қарым-қатынасын білдіру. Дүйсенбек Шахназ Түсі мен көлемі бойынша ажырата алуды дағдыландыру.	Болат Нұржан Пішіні,түсі,көлемі бойынша заттарды топтастыруды үйрету. Алдиярбек Інжу Түстерді таниды. Абдужами Айша Қол мен аяқ қозғалыстарын үйрету,бір-біріне кедергі жасамауға қалыптастыру.	Бегдулла Нариман Ұзындығы,ені ,биіктігі ,жуандығы бойынша бірдей заттарды салыстыруды үйрету Давидов Али Бір-бірден шеңберге қайта тұрады,саптағы өз орнын табуды дамыту
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті				

	сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				
Серуен	**1.Бақылау** Құстарды бақылау Міндеті: Құстарды жақсы көріп, оларға көмек бере білуге тәрбиелеу. **2.Жеке жұмыс.** «Қарлығаш» Ауламызда бау бүрлеп, Шешек атып жайнайды. Ақ тамағы бүлкілдеп, Қарлығаштар сайрайды. (коммуникативтік ісәрекеті)	**1.Бақылау** Мұзды бақылау **Мақсаты:** Міндеті: Мұз бұл –қатты суқұрамы екендігін түсіндіру. **2.Жеке жұмыс.** Дала аппақ, жапалақтап Қар жауып тұр тынбастан Қалың орман қар жамылған Маужырайды түнгі аспан **3.Еңбек.** Табиғат бұрышында	**1.Бақылау** Шыршаны бақылау Міндеті: Шырша туралы түсініктерін кеңейту. Шыршаның суретін көрсету. **2.Жеке жұмыс.** Тауда туып, тауда өскен, Шырша келді ортаға. Бәріміз бір дауыспен, Ән айтайық шыршаға.(ком	**1.Бақылау** Құстың ұясын бақылау. Міндеті: Құстардың ұясын бақылату арқылы құстарға қамқор болуға баулу. Қыстап қалатын құстарды атату. **2.Жеке жұмыс.** Торғай, торғайсын Жерге келіп қонғайсын. Жем шашайын тойып ал Сонда аязға тоңбайсын. **3.Еңбек.** Құстың ұясына жем	**1.Бақылау** Торғайды бақылау Міндеті: Торғай туралы түсініктерін кеңейту. Бөбекжай ауласындағы торғайды қарау. Торғайға сипаттама беру. **2.Жеке жұмыс.** Бір бұтақта қос торғай Тату тәтті дос торғай Құшақтасып, құптасып Отыр әне жұптасып **3.Еңбек.** Торғайларға қамқорлық көрсету. (еңбек іс-әрекеті) **4.Қимылды**

	3.Еңбек. «Құстарды тамақтандыру» Қыста құстарға далада тамақ беруге баулу. (еңбек іс-әрекеті) **4.Қимылды ойындар:** «Үкі» (ойын, қозғалыс ісәрекеті) **5.Дербес ойын әрекеті.** Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар	Құстытамақтан дыру Міндеті: Табиғат бұрышында құстыөз беттеріншетамақтандыруға үйрету (тамақтандыру, суларын ауыстыру). (еңбек іс-әрекеті) **4.Қимылды ойындар:** «Мұзды аулаға кіргіз» Міндеті: Таяқшаның көмегімен мұзды берілген бағытта сырғанату. Спорттың басқа да түрлерімен таныстыру. **5.Дербес ойын әрекеті.** 1.Орта доп	муникативтік іс-әрекеті) **3.Еңбек.** Шыршаағашының айналасын қардан тазалау. Міндеті: Балаларды еңбек етуге баулу. **4.Қимылды ойындар:** «Құлап қалма» Міндеті: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. (ойын, қозғалыс ісәрекеті) **5.Дербес ойын әрекеті.** Әткеншек тебу. Допты қуалау.	салу. Міндеті: құстарға қамқор болуға үйрету. (еңбек ісәрекеті) **4.Қимылды ойындар:** «Құстар» Міндеті: Шеңбер бойымен құстар сияқты қимыл жасап жүруге жаттықтыру.(ойын, қозғалыс іс-әрекеті) **5.Дербес ойын әрекеті.** 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3.Допты қуалау.	**ойындар:** «Машина мен торғайлар» Міндеті: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. (ойын, қозғалыс ісәрекеті) **5.Дербес ойын әрекеті.** 1.Төбешіктен-төбешікке секір. 2.Күн мен түн

		2.Қуаласпақ			
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Ашық ой мен сұрақ-жауап күні» ата-аналармен жиналыс.	«Ата-аналар балалары ауырмау үшін не істеу керек» кеңес беру.	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту.	Балаларға арналған кеңестер: "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзін қалай ұстау керек?"	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу.

Циклограмманы тексерген әдіскер

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК«Астана» бөбекжай бақшасы
Топ: «Гүлдер» ересек топ
Балалардың жасы: 4-жасар балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 02.01-06.01.2023 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі** **02.01.2023**	**Сейсенбі** **03.01.2023**	**Сәрсенбі** **04.01.2023**	**Бейсенбі** **05.01.2023**	**Жұма** **06.01.2023**
Балаларды қабылдау			Балабақша әнімен жақсы көңіл күймен қарсы алу	Қызыл жүрекшемен қарсы алу	Әдемі қуыршақпен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру			Баланың денсаулығы тәртібі жайлы әңгіме	Баланың балабақшадағы көңіл күйі жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгіме
Балалардың әрекеті (баяу ды ойындар, сті ойындары, еу әрекеті, р қарау және асқа әрекеттер)			**"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және	**"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".** Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. **(еңбек**	**"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне ұқыпты қарау біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбектенуге тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.

			құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	**дағдылары)**	**(еңбек дағдылары)**
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (доппен)** 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде. 1- допты екі қолдарымен жоғары көтереді, допқа қарап тыныс алу; 2- допты төмен түсіріп, тыныс шығару; 3- допты жоғары көтереді; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 8-10 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде. 1- оңға бұрылу, оң аяғының өкше тұсында жерге допты ұру және секірген допты ұстап алу; 2-				

	бастапқы калыпқа келу; 3-4 - осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, доп жерде. 1-4- допты табанмен алға-артқа жібермей, домалату; 3-4 - аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: отыру, аяқты алшақ қойып, допты жоғары ұстау. 1-3- иірім жасап, алға иілу, допты 3 рет аяғына ұру; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 3-4 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге. 1- тез жерге отырып, тізені алшақ ұстау және допты лақтыру; 2- тез тұрып, допты ұтып алу. Жаттығу 8 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, допты бір қолымен ұстау, допты екі қолымен кезек-кезек жерге ұру. Жаттығуды 8 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолымен допты ұстау. Тізені жоғары көтеріп, орнында тұрып, секіру. Жаттығу 4 рет қайталанады. **(дене шынықтыру)**
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас.

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық			**1.Музыка Маман жоспары бойынша** Қыс ерекшеліктері туралы әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)**	**2.Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша** Көңілді ойындар ойнап, аққала жасайық. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**	**1.Музыка Маман жоспары бойынша 3.Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша** Қыс қызығы суретіне қарап, әңгіме, мәтін құрау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет			Тұрмыстық заттар видеосы **Қоршаған ортамен танысу** **Үтік .** Бұл үтіктің де бірнеше түрі бар.Біз оны киімдерді, перделерді т.б үтіктеу үшін	«Менің үйімдегі заттар» ойыны. Ойын шарты бойынша тәрбиеші сыйқырлы таяқшаны бір балаға береді.Таяқшаны алған бала үйіндегі тұрмысқа қажетті	«Шаңсорғыш ойыны». Балалардың біреуі шаңсорғыш қалғандары шаң боп жан жаққа жүгіріп жерге қонады. Шаңсорғыш оларды жинап шығарады. Оның қолы кимге тиеді. Олар жайлап

			қолданамыз .Ол қызғанда өте ыстық болады, одан бу шығады.Біз киім үтіктеу үшін үтіктеу тақтасын қолданамыз. **Кір жуатын машина.** Бұл біздің лас болған киімдерімізді жуады. **Тоңазытқыш** Бұл азық - түлікті сақтайтын құрылғы.Тоңазытқыштың түстері де, көлемдері де әртүрлі болып келеді.Тоңазытқыш іші бірнеше бөліктерге бөлінеді. **Сөйлеуді дамыту** Үтік жасау	тұрмыстық заттарды,оның қызметң мен қажеттілігі туралы айту керек.**Сөйлеуді дамыту** **Теледидар (телевизор).** Көптеген түрлері бар.Біз келедидар арқылы жаңалықтар, кинолар, мультиктер, концерттер тамашалаймыз. **Шаңсорғыш (пылесос).** Бұл үйдегі шаңды сорып алатын құрылғы. **Қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді.** -Сулы қолмен токты қосуға немесе ажыратуға болмайды; -Балаларға үлкендерсіз	орнынан тұрады.**Дене шынықтыру** **Электр плитасы (электрический плита**). Бұл құрылғының көмегімен тамақ пісіреміз.Плита бірнеше бөлікке бөлінеді.Шай қайнатамыз, нан пісіреміз.Аналарымыз тәтті тоқаштар пісіреді. Балалар осы аталған бұйымдардың бізге пайдасы өте көп **Сөйлеуді дамыту** Сіздер 4 топқа бөлініп отырсыздар, сол топтар бойынша өздеріңізге берілген зерттеу жұмыстарын орындайсыздар. **Бірінші топ:** үтікті тоқ көзіне қосып орамалды үтіктеуіміз керек. **Екінші топ:** Қуыршақтың шашын шаш кептіргішпен кептіруіміз керек.

			Жапсыру іс әрекеті Тоңазытқыш салу.Дәстүрден тыс сурет салу,губкамен.**Сурет салу** Пазл құрау ойыны кір жуатын машина жасау.**Құрастыру**	электр токтарын ұстауға болмайды; -Ерексектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды. -Пеш қызып тұрғанда балалар қасына жақындауға болмайды. -Кір жуатын машинаға қолды салуға болмайды.**Қоршаған ортамен танысу** Теледидарды геометриялық пішіндерден жасау.**Математика негіздері** Шаңсорғыш суретін жабыстыру.**Жапсыру**	**Үшінші топ:** Шарды шашқа үйкелеу арқылы электрмагнит өрісін анықтап шығаруымыз керек. **Төртінші топ:** щетканы пакетке үйкелеу арқылы электр өрісін пайда болғанын бақылау.**Қоршаған ортамен танысу,зерттеу іс-әрекеті**
Серуенге	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-**				

дайындық	**гигиеналық дағдылар)**				
Серуен			**1.Бақылау** **Мұзды бақылау.** Жұмбақ. Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз) **Бақылау:** ауа температурасының күрт өзгеруіне байланысты судың қатты күйге айналуын анықтау. Мұз құрамы - тұнық, суық, қатты екендігін атау. **2.Жеке жұмыс.** Жұмбақ Жиегіне шатырдың, Мұздан шеге қатырдым.	**1.Бақылау** **Бұлт пен тұманды бақылау.** Көркем сөз. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. **Бақылау:** қыс кезіндегі табиғат көріністері туралы білімдерін кеңейту;. **2.Жеке жұмыс.** Жұмбақ жатттату Отқа жанбас,	**1.Бақылау** **Қар тазалайтын машинаны бақылау.** Жұмбақ. Ол бензинді сүтше ішеді, Тез арада сыпыра алады, Қарды жолдан тазартып, Жолдарға топырақ себеді. (Қар тазалаушы көлік) Мақал-мәтелдер. Еңбек түбі –береке. Көптің түбі –мереке. **Бақылау:** адамдардың еңбегін жеңілдету үшін түрлі техниканы қолданады; адамдарға оның тиімді екенін көрсету. Қар жауғаннан кейін қардың көп

			(сүңгі) **3.Еңбек.** Табиғат бұрышында құсты тамақтандыру Табиғат аясындағы құстарды аялай білуге тәрбиелеу. **4.Қимылды ойын. «Мұзды аулаға кіргіз».** Мақсат-міндеттер. Таяқшаның көмегімен мұзды берілген бағытта сырғанату. **5.Өз бетімен ойындар:** ойын барысында бір-бірімен араласа білуге, өз ойларын айта білуге,	Суға батпас (мұз) **3.Еңбек:** ойын үшін қардан жасалған құрылыс құрастыру қабілетін дамыту. **4.Қимылды ойын. «Бірінші болу».** Бір-бірін қуалау арқылы жүгіруді бекіту (көкпарға дейін жүгіріп, мәреге келу); ойын ережесін сақтау **5.Өз бетімен ойындар:** ойынға керекті құралдармен жабдықтандыру үйрету; ойын барысында табиғи заттарды қолдануға үйрету.	болатынына назар аудару. **2.Жеке жұмыс.** Жапалақтап ала қар Жауды күнде қайталап Қырға шықты балалар Шаңғыларын арқалап **3.Еңбек.** Түрлі түсті мұз айдынын жасау. **(еңбек дағдылары)** **Судың қасиетін бекіту:** ыдысқа су құйып бояу араластырып аязға қатыру; **4.Қимылды ойын. «Таяқпен сыпыру»** Көрсетілген бағыт бойынша таяқпен сыпыру қабілеттерін бекіту **5.Өз бетімен ойындар:** таңдалған тақырыпқа сай ойын барысында ойыншықтарды айырбастап, ойын

			достарының ойымен келісіп, тату ойнау дағдыларын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)**		көмегімен құрастырып, түрлілігін анықтай білуге үйрету.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	«Дос іздеген бота» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары			Ұйқы ашар жаттығу Түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру	Ұйқы ашар жаттығу: 1. Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут)	Ұйқы ашар жаттығу: Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, Жалпақ табандылықты болдырмау.

				Майтабанның алдын алу. (2 минут) Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. (2 минут)	Майтабанның алдын алу. (2 минут) Анайы жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру.
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			**Дидактикалық ойын.** «Артығын тап». Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттен артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін ұсынады. Карточкада не бейнеленгенін атап, артығын қарандашпен сызады. Мысалы, мұнда	**Дидактикалық ойын: "Біреу және көп"** Мақсат-міндеттер. Жиын сапасы бойынша әртүрлі заттардан тұратындығы туралы түсініктерін жетілдіру. Ойын шарты. Педагог балаларға суреттер таратады. Балалар суреттердің арасынан бір және көп заттар	**«Ұшады, ұшпайды, өседі, өспейді» театрландырылған ойын.** Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілетін дамыту. Барысы: педагог затты атайды, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қаққандай қимылдарды жасайды; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, олар қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар қолмен жабады.

			қар артық. Қар қыста ғана болады. **(сөйлеуді дамыту)** **Сюжетті-рөлдік ойын.** "Киімдер" дүкені. Мақсат-міндеттері. Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысы ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды	бейнеленген суреттерді табады. Педагог балалардың жұмыстарына талдау жүргізеді. **(математика негіздері)** **Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет".** Мақсат-міндеттері. Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте түрлі тауарлар сатылатыны туралы мәлімет беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды	**(дене шынықтыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын.** "Үй құрылысы". Мақсат-міндеттер. Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар).

			қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен бірге дүкенге	қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяққиім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машинасының макеттері. Шарты. Педагог дайындық	Шарты. Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды. үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, құрастыру)**

			саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**	жұмысы ретінде балалармен әңгімелесулер, супермаркет жайында суреттерді, бейнежазбалар мен жарнамалар көрсетіп, супермаркетте кез келген тауарды табуға мүмкіндігі барын түсіндіреді. . **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қазақ тілі)**	
Балалармен жеке жұмыс			Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;				

	- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				
Серуен			**1.Бақылау** Ағаш пен бұталарды бақылау. Міндеті: Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы түріне аудару (жапырақ жоқ). **2.Жеке жұмыс.** «Қарағай» Тау баурайы - жағалай Биік-биік қарағай. Оқтай түзу бойлары, Шымыр өскен баладай. 3.Еңбек. Ағаш және бұта	.**Бақылау** Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? Міндеті: Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аудару. (*коммуникативті к, зерттеу іс - әрекеті)* 2.Жеке жұмыс. Мақал-мәтел. Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады. (*коммуникативті к ісәрекеті)*	**1.Бақылау** Қардағы іздерді бақылау. Міндеті: Қардағы іздерді ажырата алуға үйретуді жалғастыру,ересек адаммен баланың,жануарлар мен құстардың іздері Бақылау барысы: Жаңа жауған қар аппақ ақ мамық ұлпа сияқты,сондықтан кез келген із жақсы көрінеді. Оған қарап кімнің жүргенің,ұшып келгенін ажыратып айтуға болады. Балаларға ауладағы қардың үстінде кімнің ізін көріп тұрғандарын айтқызып,өз іздерін де қалдыру. Ересек

			түптеріне қарды үю. Міндеті: Ағаш және бұта түптеріне қарды үю және еңбектің маңыздылығын білуге үйрету. **4.Қимылды ойындар:** «Хоккеистер» Міндеті: Қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу. **5.Дербес ойын әрекеті.** Тұрақты балалар бірлестігін нығайтуға талаптандыру.	3.Еңбек. Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Мақсаты:Балаларға ағаштардың әртүрлі екендігін ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту. (*еңбек іс-әрекеті)* **4.Қимылдық ойын:** «Ақ аю» (ойын) Міндеті: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. **5.Дербес ойын әрекеті.** 1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2.«Тәтті тоқаштар» пісірейік.	адамның ізімен кішкентай баланың ізін салыстыру. (*коммуникативтік, зерттеу іс - әрекеті)* **2.Жеке жұмыс:** Үйдің үлкендігін қуыршақтың үлкендігімен салыстыру Ақырын асықпай есік,терезесін ойып алу **3.Еңбек:** Қардан қуыршаққа қалай үй жасауға болатынын көрсету. . (*еңбек іс-әрекеті)* **4.Қимыл қозғалыс ойындары:** «Кешігіп қалма» Міндеті: Орындық астынан түзу және қырындап еңбектеп өте алуға үйрету. **5.Балалардың дербес әрекеттері:** Балалар өз бетінше ойнайды. «Өз жұбыңды қуап жет»
Балалардың үйге қайтуы			«Отбасының денсаулық	Баяндама «Бала неге өтірік	Кеңес «Тұмаудың алдын алу жолдары»

(ата-аналарға кеңес)			бағдарламасы».	айтады?»	

Циклограмманы тексерген әдіскер

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Астана» бөбекжай бақшасы
Топ: «Қарлығаш» ересек топ
Балалардың жасы: 4-жасар балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 09.01-13.01.2023 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі** **09.01.2023**	**Сейсенбі** **10.01.2023**	**Сәрсенбі** **11.01.2023**	**Бейсенбі** **12.01.2023**	**Жұма** **13.01.2023**
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың өз балабақшаларын а деген ыстық сезімдерін дамыту	Үш түрлі смайликмен қарсы алу	Балалық шақ күйімен қарсы алу	Көңілді күн әнімен қарсы алу	Ертегілер кейіпкерлерімен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Білім беру ұйымының кестесі **бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Қазақ тілі** "Қолғап" орыс халық ертегісі" Мақсат-міндеттер. Көркем әдебиетке деген танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру. Балаларға ертегіні мұқият тыңдауға, кейіпкерлерді есте сақтауға үйрету; есінде қалған кейіпкерлердің жеке бүркемелі аттарын қайталауға, кейбір жануарлардың қимыл - қозғалыстарын салуға үйрету;	Ермексазбен жұмыс,қиындыларға ермексазды орналастыру. **Мүсіндеу әрекеті** Қиындылар құрап,жабыстыру **Жапсыру,құрастыру** Қай мезгілде киеміз? Шарты: киімдердің қайсысын ер балаға, қайсысын қыз балаға кигізуге болатындығын айтады.**Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту**	Тыныс алу жаттығуы: «Шалғын» Терең дем алып үрлеу арқылы шалғын арасынан не көргендерін айту. Проектор арқылы мультимедиадан киімдер көрсету, атауларын сұрау. Мынау қандай киім, қалай аталады? Түсі қандай, неден тігілген? Осындай киімнің түрлерін көріп танысу үшін «Киім дүкеніне» саяхатқа барайық. Ол үшін жылы киінуіміз қажет, қимыл - қозғалыспен	шығармашылық жұмыс **Мүсіндеу** киімдерді түстеріне қарай ажырату **математика негіздері** қуыршақты киіндір **жапсыру әрекеті** -Балалар, қуыршақ Талшын неге қалың киімдер киіп алған? -Дұрыс, қазір қыс мезгілі болғандықтан, Талшын жылы киініп алыпты. Талшын , сыртқы киімдеріңді шеше ғой.	Киімдердің түрлері көп екен және олар бірнеше топқа бөлінеді. Бүгін біз сондай киімдердің бір түрі қазақтың ұлттық киім түрлерімен танысамыз. Ол үшін арнайы көрмеге барамыз.Балаларға көрмені аралап, киімдерді жақсылап бақылап алуларына мүмкіндік беру. Киімдерді бір бірден таныстыру. -Үкілі тақияның төбесі дөңгелек болып келеді. Жібек, алтын, күміс, зер жіптерімен кестеленіп, моншақ, асыл тастармен безендіріледі. .**Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту** .Шығармашылық жұмыс. Балаларды

	Жоғалыпты қолғабым Тыз- тыз етіп қолдарым, Сорып аяз тастады Естен кетпес тонғаным**.** **Көркем әдебиет** «Кім жылдам Екі бала ортаға шығып жемпірлерінің түймесін түймейлеп жарысады ,кім бірінші түймейлесе сол жеңімпаз болады. **Қоршаған ортамен** **танысу**		көрсетеді.**Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту** Балалар біз дүкенге келдік мынау киім сататын дүкен, сөрелерде түрлі киімдер тұр сендерге таныстырайын: мынау қыздарға арналған көйлек, мынау белдемше, мынау жиде, мынау қолы қысқа жиде, мынау күрте, мынау тон, мынау шалбар, мынау бас киім, мынау етік, бәтеңке т. б Балалар мынау кім? Дүкеншіге амандасайықшы Дүкенші апайдан	Кәне,көмекте сейік. -Бірінші нені шешеміз? -Бірінші қолғабыңды және етігіңді шешеміз. Дала суық болса да, біздің тобымыз өте жылы.Сол үшін етігін шешіп, екінші аяқ киімді кигіземіз. -Енді нені шешеміз? -Тонды шешіп мына жерге қоямын. -Бас киім мен мойынорағышын шешіп мына жерге қоямыз.**Қоршаға**	таңдауы бойынша үш орталыққа бөлу. Бірінші орталық даиын қиындылардан саукеле жапсырып жасайды. Екінші орталық саукеленің суретін салады. Үшінші орталық мозаикамен саукеле жасайды.**Жапсыру,сурет салу,құрастыру**

	Қуыршақты киіндір ойыны **Жапсыру іс-әрекеті** Салыстыр ойыны Пішінін түсін салыстыру. **Математика негіздері** Көйлекті боя **Сурет салу әрекеті**		киімдер сатып алайық, мына күрте қанша тұрады, маған беріңізші? Мына баскиім қанша тұрады? Ал мына етік қанша тұрады? Барлығы қанша тұрады? Ал енді барлығымыз қызықты ойын ойнайық д/о «Кімнің киімі?, қ/о «Кім жылдам?» Мақсаты: балаларға өздерінің киімдерінің түр, түсін тануға және оларды тез арада киуге дағдыландыру.**Көркем әдебиет,қоршаған ортамен**	**н ортамен танысу,сөйлеуді дамыту**	

			танысу		
Серуенге дайындық	**"Киіну-шешіну".** Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуен	**1.Бақылау** Маусымдық өзгерістерді бақылау Міндеті: Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін қалыптастыру; қыс аяғындағы табиғат көрністерін (су тамшылары, қардың жібуі т.б.) көре білуге баулу. өлең жолдарындағы қыс көрністері туралы бейнелеуді таба білу туралы	**1.Бақылау** Жеңіл көліктерді бақылау Міндеті: Мақсаты: автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту. **2.Жеке жұмыс.** «Тәртіп керек баршаға» Е.Елубаев Бұзба көше тәртібін,	**1.Бақылау** Мұздақты бақылау. Мақсаты: Міндеті: Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. **2.Жеке жұмыс.** Жұмбақ жатттату Отқа жанбас, Суға батпас (мұз) **3.Еңбек** Қардан кішкене үйшік дайындау.	**1.Бақылау** Басқа топ балаларын бақылау. Мақсаты: Міндеті: Басқа топ балаларының ойнауын бақылау арқылы достыққа тәрбиелеу. **2.Жеке жұмыс.** Тамаша, тамаша, Шыршамыз тұр жараса. Басында әсем жұлдызы, Көз тоймайды қараса. **3.Еңбек** Қардан кішкене үйшік дайындау	**1.Бақылау** Аязды бақылау. Мақсаты: Міндеті: Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. **2.Жеке жұмыс.** Жұмбақ: Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз). **3.Еңбек** Ауладағы қарды күреу. Міндеті: Балаларды еңбек сүйгіштікке,

	білімдерін бекіту. **2.Жеке жұмыс.** Жұмбақ Жиегіне шатырдың, Мұздан шеге қатырдым. (сүңгі) **3.Еңбек** Кіші балалар тобының алаңын қардан тазалауға көмектесу. Міндеті: достық қарым-қатынаста еңбек етуге тәрбиелеу. **4.Қимылды ойындар:** «Төбешіктентөбешікке». Міндеті: ұзындыққа секіру дағдыларын	Ұрынасың апатқа. Қызықты өтсін әр күнің, Жақын болма шатаққа. Көшеден өтер кезіңде, Абайлап қара жан-жаққа, Келе жатқан көлікке, Жол бер, өтсін, асықпа! **3.Еңбек** Ауланы бірлесе отырып тазалау. Міндеті: бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу; жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету. **4.Қимылды ойындар:** «Бағдаршам».	Міндеті: Балаларды бірлесіп еңбек етуге баулу. **4.Қимылды ойындар:** «Қазан». Міндеті: Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру. **5.Дербес ойын әрекеті.** 1.Әткеншек тебу.	Міндеті: Балаларды еңбек етуге баулу. **4.Қимылды ойындар:** «Кім тез?». Міндеті: Балаларды шапшаңдыққа, тапқырлыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету. **5.Дербес ойын әрекеті.** 1.Жарысу. 2.Төбешікке секіру.	бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. **4.Қимылды ойындар:** «Сырғанақ тебу» Міндеті: Балалардың ойын әрекетіне деген қызығушылықтарын дамытып,ептілікке, қырағылыққа, шапшаңдыққа баулу. **5.Дербес ойын әрекеті.** Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар

	қалыптастыру.*)* **5.Дербес ойын әрекеті.** Еркін ойындар.	Міндеті: белгі бойынша әрекет етуге, қимылқозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету. **5.Дербес ойын әрекеті.** Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар			
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	**Гигигеналық дағдылар** Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				

Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқы ашар жаттығуы Бастапқы қалып: ішпен жатып, қолды алға бүгу, маңдайды қол сыртына саусаққа тигізу. Баспен денені көтеріп, қол «қанат» 5-ке дейін санап осы қалыпта қалу; б.қ. келу.	Ұйқы ашар жаттығуы «Көңілді қоңыздар» массаж түрлері Мақсаты: Балалардың денсаулығын нығайтуға, дене бітімін жақсы қалыптастыруға, қан айналымын жақсартуға, көздерін демалтуға, балалардың арқасындағы, қолындағы, табандағы нүктелерді оятуға арналған.	Ұйқы ашар жаттығуы Бастапқы қалып: ішпен жатып, қолды алға бүгу, маңдайды қол сыртына тигізу. Бөксені төсектен қозғамай,әр аяқты алма-кезек	Ұйқы ашар жаттығуы Бастапқы қалып: ішпен жатып, қолды алға бүгу, маңдайды қол сыртына саусаққа тигізу. Баспен денені көтеріп, қол «қанат» 5-ке дейін санап осы қалыпта қалу; б.қ. келу.	Ұйқы ашар жаттығуы Ояну жаттығуы. Қайырлы күн, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы күн,құлақтарым! (құлақтарын сипау)
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Құстарға араналған жидектер" Мақсат-міндеттер. Сары,	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Жемшашарға құстар қонды" Мақсат-	**"Сары шымшық" қимылды жаттығуы.** - Балалар, қазір біз сары шымшық туралы жаттығуды	**"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды шеңберді бірігіп құру қабілетіне**	**Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?"** Мақсат-міндеттер. Балаларға тауықтың су ішу қылықтары жөніндегі ұғымдарын игерту, педагогтің

әрекеттер)	қызыл, көк түстерді ажырата білу, заттардың пішінін білу, кесек ермексаздан бөлшекті үзіп алу тәсілін білуді бекіту, ермексазбен жқмыс жасау ынтасын ояту. **Саусақ жаттығуы. "Дым да жоқ" (орыс халқының әні).** Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақтармен кезек ойнап, педагогтің соңына ілесіп, тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру;	міндеттер. Тірі және жансыз табиғат құбылыстары туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру; балаларды қоректендіргішке тамақтануыға ұшып келген қыстайтын құстарды байқауға үйрету; құстарды суреттерден танып, оларды атау білу. Зейінділікті, байқампаздықты, қызығушылықты, сөйлеуді дамыту. Құстарға деген қамқорлықты тәрбиелеу, оларға қиын қысқы жағдайларда	жасап көрейік. Балалар педагогпен бірге ілесіп, сөздерді айта жүріп, белгілі қимылдарды жасайды. - Сары шымшық - алтын құс. (Аяқтар бірге, тізелерді сәл бүгіп, қайта тұру, екі қолды екі жамбасқа қағып тұру) Қыстап жүрген батыл құс. Қанаттарын жаяды, (Қолдарды екі жаққа сермеп, жылдам қағу) Жылдам-жылдам қағады. Ұшып-ұшып,	**үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту.** **Педагог балаларды жанына шақырады.** **- Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу),** **Қол ұстасып, жүрейік.** **Ортадан артқа, артқа** **Шегіндік. Енді тоқта!** **Үлкен қылып**	сөздерін тыңдап, үй құсының қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Балаларға балапан маскаларын кигізу, ойыншық ыдысты ұсыну. "Тауық қалай ішеді?" Тұмсығын тек малады, Бір тамшылап алады. Әзер жұтар шалқайып, Бүлк-бүлк етіп тамағы. - Бұл қалай су ішкені? - Тірі азапқа түскені. С. Боранбаев **(сөйлеуді дамыту)**

	қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту. - Ала қанат сауысқан Пісірді де көжені, Тағаттарын тауысқан Тойғызды көп шөжені. Анаған берді, Анаған берді, Анаған берді, Анаған берді, Ал мынаған бермеді. - Суға барған жоқсың сен,	көмек көрсету.	бұтаға, Шапшаңдықпен қонады. (Төмен жерге шоқайып отыру) Шоқып-шоқып дәндерді, (Баспен шайқау) Аспандарға ұшады. (Қайта аяққа тұрып, қолдармен жан-жаққа сермеу, түсіру) - Жарайсыңдар, балалар! **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **"Матрешка қуыршағымен ойнау".** Мақсат-міндеттер: заттарды	**үрледік (тоқтау),** **Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру)** **Пшшшшшшш... (отырып жатқанда дыбыстар шығару)** **Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет.** **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**	

	Отын жарған жоқсың сен. Көзін сапта көжеге, Дым жоқ сендей шөжеге! Х. Ерғалиев **(сөйлеуді дамыту)**		мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Үлкен-кіші ұғымдарын қалыптастыру.		
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде
Серуенге дайындық	**Серуенге жиналу.** Мақсат-міндеттер: балаларды серуендеуге қызығушылығын арттыру. Серуендеуге арналған ойын құралдарын таңдау, балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және бәтеңкенің дұрыс киюлерін бақылау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуен	**1.Бақылау:** **Қардағы іздерді бақылай білу** Көркем сөз. Ойын ойнап, міне біз,	**1.Бақылау:** **Өзенді бақылау** Жұмбақ. Туған жердің белбеуі, Шұбатылып қалыпты.	**1.Бақылау:** **Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау** Көркем сөз. Күн мұңайып тұр	**1.Бақылау:** **Қар мен мұзды бақылауды жалғастыру.** Мақсат-міндеттер. Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін	**1.Бақылау:** **Қардың түсуін бақылауды жалғастыру.** Мақсат-міндеттері. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру;

	Қыс қызығын көреміз. Шанаға да мінеміз, Шаңғыны да тебеміз. Жұмбақ. Мен кетемін, ол қалар. (із) **Бақылау:** қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу; **2.Жеке жұмыс.** Жұмбақ: Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз). **3.Еңбек:** орындық үстінен қарды сыпыруға, өз	Керемет-ау кернеуі, Тасты тесіп, жарыпты. (өзен) Мақал-мәтелдер. Бұлт өзеннен су алса ғана жауады. **Бақылау:** қыстағы су құбырлары жайлы түсініктерін анықтау. **2.Жеке жұмыс.** Тамаша, тамаша, Шыршамыз тұр жараса. Басында әсем жұлдызы, Көз тоймайды қараса. **3.Еңбек.** «Қар ойыны. Қар туралы білімдерін	бүгін, Қыс ызғары келеді. Жұмбақтар. Жаңа жыл күні Төріңде тұрар. Басқа күні Өскен жерінде тұрар. (шырша) **Бақылау:** қылқан жапырақты ағаштарды еске түсіру. Шырша мен қарағай ағаштарын ажырата білу. **2.Жеке жұмыс.** Жұмбақ Жиегіне шатырдың, Мұздан шеге қатырдым. (сүңгі) **3.Еңбек:** ағаштың қасына түскен бұталарды жинау.	бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру. **Зерттеу.** Үлкен және кішкентай қаңылтырдағы, таза және боялған судың қату уақытын салыстыру; ыдысқа тығыз немесе еркін салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру. **2.Жеке жұмыс.** Тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы) **3.Еңбек:** алаңда өсетін өсімдіктерге күтім жасау. Мақсат-	қардың түсуі маусымдық құбылысқа жататынын түсіндіру, қыс туралы білімдерін кеңейту. **Зерттеу.** Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. **2.Жеке жұмыс.** Тамаша, тамаша, Шыршамыз тұр жараса. Басында әсем жұлдызы, Көз тоймайды қараса**. 3.Еңбек:** ағаштардың тамырларын қармен жабу. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту. **4.Қимыл-қозғалыс**

	еңбектерін жауапкершілікпен орындай білуге үйрету. **4.Қимылды ойын. «Нысанаға тигіз».** Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру. **5.Өз бетімен ойындар.** Ойын барысында балаларды ойын ережесін сақтауға,	бекіту; берілген тақырып бойынша құрылыстар жасату; табиғи материалдарды қолдану арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыру **4.Қимылды ойын.** **«Белгіні тыңда».** Берілген дабыл бойынша әр түрлі қимылдар жасау. Жүгіру (қысқа, кең адыммен, аяқты екі жаққа жіберіп жүгіру, секіру арқылы жүгіру). Жаттығу жұмыстарына деген қызығушылықта	Балаларға алаңда жүрген кезде қоқысты жинату (ағаш жанындағы бұталар), содан кейін арнайы орынға апаруға үйрету. **4.Қимылды ойын.** **«Қақпа».** Алаңда қозғалып жүру. «Бір, екі, үш - ұста» дегенде, бәрі алаңға жүгіреді. Бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу. **5.Өз бетімен ойындар.** Ойынға өз беттерінше тақырып таңдап үйрену, қоршаған ортаның жақсы жақтарынан көрсетіп, алған	міндеттері. Табиғаттағы еңбекке, қоршаған ортаға қызығушылықты қалыптастыру. **4.Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қарға мен торғай".** Міндеті. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту. **"Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын.** Мақсат-міндеттері: балаларға ойын ережелерін қатаң сақтауды үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа,	**ойындары.** "Аққала ойыны". Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. **"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. "Қақпаға"допты кіргізуді үйрету, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. **5.Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Қар лақтыруды үйрету.

	орындауға тәрбиелеу (жүргізу мәдениеті, достық, ұжымдық түсіністік болуын қадағалау).	рын ояту, қимылдарының деңгейін жақсарту. **5.Өз бетімен ойындар:** ойынды ұйымдастыру кезеңі (бастапқы және жүру барысы) рөлдермен байланыстыра отырып балалардың танымдық қабілеттерін арттыру.	білімдерін көрсете білу.	тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. **5.Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** еңбектеу. Мақсат-міндеттері. Қимылдарды үйлестіруді дамыту; батылдықты, шешім қабылдай алуға тәрбиелеу.	
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Баланы суықтап қалудансақтан-дыру» кеңес беру.	Мозайкамен қыс көрінісін құрастыру.	«Балаңызды бақшаға мезгілге орай қалай киіндіру керек» әңгіме.	Балалар мен логикалық ойындар ойнау.	«Бала демалысын ұйымдастыру» Еркін ойындар

Циклограмманы тексерген әдіскер

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК«Астана» бөбекжай бақшасы
Топ: «Гүлдер» ересек
Балалардың жасы: 4-жасар балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 30.01-03.02.2023 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі** **30.01.2023**	**Сейсенбі** **31.01.2023**	**Сәрсенбі** **01.02.2023**	**Бейсенбі** **02.02.2023**	**Жұма** **03.02.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу	Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу	Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу	Қызыл жүрекшемен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа	**"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері	**"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын	**"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні	**"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету"** Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге қол жетімді көмек	**"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғал ды сүйетін және

әрекеттер)	туралы білімдерін кеңейту, ылғады сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. **(еңбек дағдылары)**	үйрету; балалардың жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету **(еңбек дағдылары)**	жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. **(еңбек дағдылары)**	көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. **(еңбек дағдылары)**
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен)** Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу; 2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру; 3-таяқшаны алдыға созып ұстау; 4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру;				

	5-таяқшаны алдыға созып ұстау; 6-бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау. 1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу; 3-4- бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау; 2-сол аяқты оның қасына алып келу; 3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау; 4-сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру; 2-оңға иілу; 3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру; 4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады. **(дене шынықтыру)**
Таңғы ас	**Мәдени-гигеналық дағдылар.** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты

	дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досыңдай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Қайырлы таң». Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға, Ертемен, ақ пейілмен, «Қайырлы таң!» - деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!» - тілеймін. Үйге кешке келемін,	«Амансың ба, алтын күн!» Амансың ба, алтын күн! Амансың ба, атқан таң! Амансың ба, Жер - Ана! Амансың ба, достарым! Жарты шеңбер құрып отырып, барлығы бірге айтады және бірігіп жасайды. **(сөйлеуді**	«Табиғатпен үндестік» Шөліркемей гүл тұрсын! Жерім жайнап құлпырсын! Нұрын сыйлап біздерге Көкте мәңгі гүл тұрсын! Нұр сыйлаған күн ыстық Ыстық бізге кең өлке Ыстық бізге	Достар бері, келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. (Г.Абдрахманов) Шеңберде қол ұстасып тұрып өлең жолдарын бірге айтады. Тақырыпқа байланысты	«Табиғатпен үндестік» Шөліркемей гүл тұрсын! Жерім жайнап құлпырсын! Нұрын сыйлап біздерге Көкте мәңгі гүл тұрсын! Нұр сыйлаған күн ыстық Ыстық бізге кең өлке Ыстық бізге тыныштық! Шеңбер құрып,

	Не дерімді білемін: «Кеш жарық!» - деп кіремін. **(сөйлеуді дамыту)**	**дамыту)**	тыныштық! Шеңбер құрып, барлығы бірге қайталайды. **(сөйлеуді дамыту)**	жұмбақтар жасыру. **(сөйлеуді дамыту)**	барлығы бірге қайталайды. **(сөйлеуді дамыту)**
Білім беру ұйымының кестесі **бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Қазақ тілі** "Жиһаздар. Балықты бақылау." Міндеті-міндеттер. Жиһаз түрлері, қолданысы, адам өміріндегі орны туралы түсініктерін нақтылау; «жайлылық» сөзінің мағынасын түсіндіру. Балаларға әңгімені зейін қойып тыңдауды, мәтіннен таныс сөздерді тауып айтуды үйрету. Еске сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін дамыту; айналасындағы заттарға	**Дидактикалық ойын:** «Суреттерді топтастыр » Міндеті: Балаларға су асты әлемі туралы түсінік беру. Су асты тұрғындарын дұрыс атауға үйрету. Шығармашылық жұмыстарды таңдау арқылы тапсырмалар орындау. (Жапсыру, Құрастыру, Мүсіндеу) **Дидактикалық ойын:** « Заттар қандай геометриялық	**Ертегі оқу:** ««Қасқыр мен жеті лақ» Міндеті: Балалардың білетін ертегілерін еске түсіру арқылы тіл байлығын дамыту, ертегі мазмұнын дауыс ырғағын келтіре отырып айтуға жаттықтыру. Ертегі мазмұнын айтқызу арқылы сөздік қорын молайтып, тілін дамыту. (Қоршаған ортамен таныстыру, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет) **Дидактикалық ойын:«**Аквариумдағы балықтар» Мақсаты:Кескіні	**Дидактикалық ойын:** «Не қалай дыбыстайды?» Міндеті: Балалардың ойыншықтар туралы түсінігін молайту, сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану,сөздерде дауысты «ә-ө» дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру. Шарты: үлестірмелі суреттерді пайдалана отырып, жануарлардың қалай дыбыстайтынын қайталайды.	**Дидактикалық ойын:** «Ұшты-ұшты» Міндеті: Баланы тез ойнатуға және ұшатын немесе ұшпайтын затты ажырата білуге үйрету.Ертегінің мазмұнын түсіну, өз түсінігімен әңгімелеу барысында сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру. Құстар жайлы білімін кеңейту. (Көркем әдебиет, Сурет салу) **Дидактикалық ойын:** «Менің досым» Міндеті: Балалардың достық қарым-қатынас жайындағы білімдерін кеңейту, «қ»

	қызығушылықтарын арттыру. **Дидактикалық ойын:** «Қыста не болады?» Міндеті: Қыс мезгілі жайында әңгімелесу, балаларға сұрақ қою арқылы қысқы серуен тақырыбы аясында білімдерін кеңейту. Шеңбер құрып тұрады. Допты бір-біріне лақтырып бере отырып, қыс мезгілінің ерекшеліктерін айтады. Педагог көмек беріп тұрады. (Сөйлеуді дамыту, Қоршаған ортамен таныстыру)	пішінге ұқсайды?» Міндеті: Суреттегі үшбұрышқа ұқсайтын заттарды көрсетуін және оларды атауын ұсынады. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету. Үшбұрышты нүктелер бойынша қосу; заттардағы геометриялық пішіндерді тану және оларды атау білігін дамыту. *(*Сурет салу, Математика негіздері*)*	берілген балықтарды бір бағытта бояуға үйрету. Өз қалаулары бойынша балық түсін таңдай білуге үйрету. Балалардың қамқорлық сезімдерін ояту. (Сурет салу, Құрастыру, Мүсіндеу)	Педагог жануарлардың суретін көрсетеді. Сиырдың суретін бояйды. (Сөйлеуді дамыту, Сурет салу) **Дидактикалық ойын:** «Көршіңді тап» Міндеті: Балалар бірінің артынан бірі ұстап, паровоз болып тұруды ұсынады. Педагог әр баланың қасына барып, өзінің алдында және артында тұрған баланың бетіне қарап, кім екенін атауды ұсынады. Заттардың өзіне тікелей жақын кеңістікте орналасқан бағытын ажырату (алдында – артында) түсініктерін қалыптастыру. (Математика	дыбысының дұрыс айтылуын бекіту. Шарты: балалар шеңбер құрып тұрады. Педагог допты лақтырып, кезек кезек балаларға сұрақ қояды. (Қоршаған ортамен таныстыру,Сөйлеуді дамыту)

				негіздері, Жапсыру)	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **(өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)**				
Серуен	**1.Бақылау** **Қар жауып тұрған құбылысты бақылау.** Мақсат-міндеттер: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады, қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады. **2.Жеке жұмыс. (көркем әдебиет)**	**1.Бақылау** **Қырауды бақылау.** Мақсат-міндеттер: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды, сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнектің шынысына, ағаштың	**1.Бақылау** **Мұз сүңгісін бақылау.** Мақсат-міндеттер: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қорытынды жасай білуге үйрету. **2.Жеке жұмыс.** «Қарағай» Тау баурайы жағалай Биік-биік қарағай. Оқтай түзу бойлары, Шымыр өскен баладай. **3.Еңбек.** Ойын үшін қардан жасалған құрылыс	**1.Бақылау** **Терезедегі өрнектерді бақылау.** Мақсат-міндеттер: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау. **2.Жеке жұмыс:** қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету. Жұмбақ. Отта жанбайды Суда батпайды.	**1.Бақылау** **Желді бақылау.** Мақсат-міндеттер: желдің бағытын анықтау. Сұрақтар: Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады? - үй мұржаларынан шыққан түтінінен - қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен т.б. жорамалдарынан анықтап білуге болады. **2.Жеке жұмыс:** екі аяқпен бірдей басып қарлы жолмен секіру.

	«Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылқ әңгіме құрастыру. Жұмбақ. Құм сияқты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар) **3.Еңбек: Ауладағы қарды тазалау** Мақсат-міндеттер: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру. **4.Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар».** Мақсат-міндеттер: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға	бұтақтарына, басқа заттарға қатып, қырауға айналған. **2.Жеке жұмыс:** тәжірибе жасау: мұз, бу, су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы). **3.Еңбек:** бір-біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. **4.Қимылды ойын. «Ақ қоян». (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. **5.Еркін ойындар.**	(ұшақ, қалашық, машина). Міндеті: Біріккен ісәрекет арқылы жақсы көңілкүй сыйлау; құрастыру қабілетін дамыту. 4.**Қимылды ойын:** «Қоянның үйшігі». Үйсіз қалған қоян. Ертегіні сахналап отырып, қимылды ойынды ойнату. Мақсат-міндеттер: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру. **5.Еркін ойындар.** Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.	(Мұз) **3.Еңбек:** қардан бекініс жасауды үйрету. Мақсат-міндеттер: күрекпен қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйрету. **4.Қимылды ойын. «Айлакер түлкі».** Мақсат-міндеттер: жан-жаққа шашырап жүгіруге жаттығу. **5.Еркін ойындар.** Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.	**Жорамал:** қарғалар мен шауқарғалар ағаштың төменгі бұтақтарына отырса, күн желді болады. **3.Еңбек:** алаңды көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою. Мақсат-міндеттер: суды қатырып, мұз қалпына келтіру, заттың алғашқы күйінен екінші күйге көшіру. **4.Қимылды ойын. «Әткеншек».** Мақсат-міндеттер: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру. **Еркін ойындар.** Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны

	жаттықтыру. **Жеке жұмыс. (көркем әдебиет)** «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру. Жұмбақ. Құм сияқты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар) **5.Еркін ойындар.** Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.	Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.			киіп, шешу.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				

Түскі ас	**Мәдени-гигеналық дағдылар.** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досыңдай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	«Үш дос» ертегісн оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Велосипед жаттығуы. Аяқ-қолды жоғары көтеріп, кезек-кезек аяқпен сермеу. Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.	Ұйқы ашар жаттығуы Бастапқы қалып: ішпен жатып, қолды алға бүгу, маңдайды қол сыртына тигізу. Бөксені төсектен қозғамай,әр аяқты алма-кезек	Ұйқы ашар жаттығуы Бастапқы қалып: ішпен жатып, қолды алға бүгу, маңдайды қол сыртына саусаққа тигізу. Баспен денені көтеріп, қол «қанат» 5-ке дейін санап осы қалыпта қалу; б.қ. келу.	Ұйқы ашар жаттығуы Ояну жаттығуы. Қайырлы күн, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы күн,құлақтарым! (құлақтарын сипау) Қайырлы күн, беттеріміз!	Ұйқы ашар жаттығуы Бастапқы қалып: ішпен жатып, қолды алға бүгу, маңдайды қол сыртына саусаққа тигізу. Баспен денені көтеріп, қол «қанат» 5-ке дейін санап осы

	(дене шынықтыру)			(беттерін сипау) Қайырлы күн, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы күн, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау)	қалыпта қалу; б.қ. келу.
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Ауыл мен қала туралы әңгімелеу. Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-л] дыбысы." Мақсат-міндеттер: балаларды үнді дауыссыз [Л] дыбысымен таныстыру; сөздердің құрамында дыбыстың болуын түсіндіру; "ауыл" мен "қала" ұғымдарын	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Аквариум балықтары". Мақсат-міндеттер: балаларды үлкен және кішкентай балықтардың бейнелерін, дөңгелек пен сопақша, үшбұрыш пішінді трафареттерді бастырып салу техникасына үйрету; балықтардың	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Мысығым менің мысығым". Мақсат-міндеттер: балаларды мақта табақшаларынан мысықты құрастыруға үйрету. **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Түрлі пішінді балықтар". Мақсат-міндеттер: балаларға	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Террариумдағы тасбақа". Мақсат-міндеттер: балалардың тасбақаның тіршілігі мен оған күтім жасау туралы білімдерін қалыптастыру; тасбақаның құрлықтағы әрекеттері жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, үй жағдайындағы	**Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы".** Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман) жайлы түсініктерін бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға

	тиянақтау. **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Бақша ағаштары". Мақсат-міндеттер: балаларды "Бақша ағаштары" әңгімесімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу; әңгімедегі ағаштардың қимылдары мен сөздерін қайталап айтуға жаттықтыру. **"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер:	бейнелерін қағаз бетіне үйлесімділікте орналастыру. **«Үй жануарлары мен төлдері».** Мақсат-міндеттер: балаларды үй жануарларымен таныстыру, төлдерін айыра білуге үйрету. Ойынның шарты: үй жануарларының төлдерін айыра білу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	салыстыру эквиваленті туралы түсінік беру; бірыңғай және әрқалай жатқан заттар топтарының теңдігі туралы білім беру. **Сюжетті-рөлдік ойын "Тазабекте қонақта"** Мақсат-міндеттер: балалардың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тазалық құралдарын қолдану тәсілдері жайлы білімдерін кеңейту; гигиеналық шараларды күнделікті орындауды үйрету; тазалыққа, өз денсаулықтарын	тіршілік ету ортасы, мекені, азығы) кеңейту. **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Тиін жаңғақ кеміріп отыр". Мақсат-міндеттер: тиінді құрама амалдармен мүсіндеуді үйрету; аңның сыртқы түрінің сипаттық белгілерін көрсетуді үйрету. **Театрды сахналау.** "Орман дәрігері" ертегісін алжапқыштарды пайдаланып сахналық қойылымын қою.	тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнеролик көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман) сияқты мамандардың қызметінің маңыздылығын талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып,

	балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі. Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі. Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-	**Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.** Мақсат-міндеттер: бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді. Барысы. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалар сыртымен	күтуге тәрбиелеу. Барысы. Ойын басында тәрбиеші балаларға топқа Тазабектен сыйлық келгенін хабарлайды. Ары қарай балалар ішіндегі заттармен танысады, әр заттың маңызын анықтайды. Тәрбиеші келген тазалық құралдарын қолданып, қуыршақты олармен пайдалануды үйретуді ұсынады. Балаларға балабақшадағы таңғы жиынды немесе түскі ұйқы алдындағы гигиеналық шараларды көрсетуді ұсынуға болады. **(қоршаған ортамен**		орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. **(қоршаған ортамен**

	ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді). Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады. Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады. **(дене шынықтыру)**	ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиеші белгіснен кейін балалар көздерін ашады. Жан жағына жылдам қарап, тақияны өзінде екенін білсе, сезсе жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса онда өз өнерін көрсетеді: тақпақ, өлең, би және т.б. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. **(дене шынықтыру)**	**танысу, сөйлеуді дамыту)**		**танысу, сөйлеуді дамыту)** **Ұлттық ойын "Бес тас"** «Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады. Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады. Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен

					бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады. Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар.
Балалармен жеке жұмыс	Абдужами Айша Зат есімдерді ,есімдіктерді етістікпен байланыстыра алады. Құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе алады. Ниязов Жасұлан Жеке бөліктерді жапсырады	Бауыржан Әмір Үлгі бойынша пішінін ,пропорциясын ескере отырып,сурет салады Нағашыбаев Інжу Дауысты,дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады	Бегдулла Нариман Сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі),сын есімдерді ,үстеулерді ,қосымшаларды қолданады.	Давидов Али Жеке бөліктерді жапсырады. Дүйсенбек Шахназ Мемлекеттік әнұранды біледі және оны кеудесінің сол жағына қолын қойып айтады.	Бауыржан Әмір Спорттық жаттығуларды орындаудың бастапқы техникасына ие. Жұмабеков Исмаил Көкөністер - жемістердің ,ыдыстардың,ойыншықтардың,

					жануарлардың суреттерін салады.
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				
Серуен	**1.Бақылау** Маусымдық өзгерістерді бақылау **Міндеті:** Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін қалыптастыру; қыс аяғындағы табиғат көрністерін (су тамшылары, қардың	**1.Бақылау** Жеңіл көліктерді бақылау **Міндеті:** автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы	**1.Бақылау** Мұздақты бақылау. **Міндеті:** Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. **2.Жеке жұмыс.** Жұмбақ жатттату Отқа жанбас,	**1.Бақылау** Басқа топ балаларын бақылау. **Мақсаты**: Басқа топ балаларының ойнауын бақылау арқылы достыққа тәрбиелеу. **2.Жеке жұмыс.** Тамаша, тамаша,	**1.Бақылау** Аязды бақылау. **Міндеті:** Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру.

	жібуі т.б.) көре білуге баулу. өлең жолдарындағы қыс көрністері туралы бейнелеуді таба білу туралы білімдерін бекіту.*)* **2.Жеке жұмыс.** Жұмбақ Жиегіне шатырдың, Мұздан шеге қатырдым. (сүңгі) **3.Еңбек** Кіші балалар тобының алаңын қардан тазалауға көмектесу. **Міндеті**: достық қарым-қатынаста еңбек етуге тәрбиелеу. **4.Қимылды ойындар:**	білімдерін кеңейту. **2.Жеке жұмыс.** «Тәртіп керек баршаға» Е.Елубаев Бұзба көше тәртібін, Ұрынасың апатқа. Қызықты өтсін әр күнің, Жақын болма шатаққа. Көшеден өтер кезінде, Абайлап қара жан-жаққа, Келе жатқан көлікке, Жол бер, өтсін, асықпа! **3.Еңбек** Ауланы бірлесе отырып тазалау. **Міндеті:** бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке	Суға батпас (**мұз**) **3.Еңбек** Қардан кішкене үйшік дайындау. **Міндеті:** Балаларды бірлесіп еңбек етуге баулу. **4.Қимылды ойындар:** «Қазан». **Міндеті:** Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру. **5.Дербес ойын әрекеті**. 1.Әткеншек тебу.	Шыршамыз тұр жараса. Басында әсем жұлдызы, Көз тоймайды қараса**.** **3.Еңбек** Қардан кішкене үйшік дайындау **Міндеті:** Балаларды еңбек етуге баулу. **4.Қимылды ойындар:** «Кім тез?». **Міндеті:** Балаларды шапшаңдыққа, тапқырлыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету. **5.Дербес ойын әрекеті**. 1.Жарысу.	**2.Жеке жұмыс. Жұмбақ:** Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз). **3.Еңбек** Ауладағы қарды күреу. **Міндеті:** Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. **4.Қимылды ойындар: «Сырғанақ тебу»** **Міндеті:** Балалардың ойын әрекетіне деген қызығушылықтарын дамытып, ептілікке, қырағылыққа, шапшаңдыққа баулу. **5.Дербес ойын әрекеті**. Серуенге алып шыққан материалдармен

	«Төбешіктентөбешікке». **Міндеті**: ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру. **5.Дербес ойын әрекеті**.	тәрбиелеу; жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету. **4.Қимылды ойындар:** «Бағдаршам». **Міндеті:** белгі бойынша әрекет етуге, қимылқозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету. **5.Дербес ойын әрекеті**. Серуенге алып шыққан		2.Төбешікке секіру.	ойындар
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналармен тренинг жүргізу. Тақырыбы: «Сіз қандай ата-анасыз?»	Балаға қандай жиһаз қауіпсіз екендігі туралы ата-аналармен әңгімелесу.	Баланы «таяқсыз» да тәрбиелеуге болады.	«Біздің қысқы демалысымыз» тақырыбында газет шығару.	Әңгімелесу. «Туған жерім тамаша».

Циклограмманы тексерген әдіскер

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Астана» бөбекжай бақшасы
Топ: «Гүлдер» ересек
Балалардың жасы: 4-жасар балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 06.02-10.02.2023 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі** **06.02.2023**	**Сейсенбі** **07.02.2023**	**Сәрсенбі** **08.02.2023**	**Бейсенбі** **09.02.2023**	**Жұма** **10.02.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Достарым әнімен қарсы алу	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу	Үш түрлі смайликпен қарсы алу	Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету;	**"Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту".** Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің	**"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді,	**"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау:	**"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа

	жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)**	топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**	біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек дағдылары)**
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен)** Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу;				

	2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру; 3-таяқшаны алдыға созып ұстау; 4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру; 5-таяқшаны алдыға созып ұстау; 6-бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау. 1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу; 3-4- бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау; 2-сол аяқты оның қасына алып келу; 3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау; 4-сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру; 2-оңға иілу; 3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру; 4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады. **(дене шынықтыру)**
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар**

	Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Көркем сөз Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. Салт-дәстүр. Жолаяқ. Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Алуан-алуан кәсіп" тақырыбында әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**	Мамандықтар туралы тақпақтар жаттау. Құрылысшы Қолда темір қалағым, Саздан сарай қаладым. Алматыдан аумайтын Әсем қала саламын.	Мамандықтардың құралдары суретіне қарап әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)**	Мамандықтарға байланысты дидактикалық ойындар ойнау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, математика**	Менің арманымдағы мамандығым. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**

		Ш.Садыханов **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**		**негіздері)**	
Білім беру ұйымының кестесі **бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Қазақ тілі** "Мамандықтар. Диалогтар." Балалардың ұғымындағы мамандықтар, олардың кәсіптік ерекшеліктері мен қызметі туралы түсініктерін кеңейту. Балаларды бірнеше мамандық иелерін қолданатын құрал-жабдықтары арқылы ажыратып, атауды үйрету; диалог сөйлеуді жаттықтыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін, көру және есту арқылы	**Дидактикалық ойын:** «Қыста не болады?» **Міндеті:** Қыс мезгілі жайында әңгімелесу, балаларға сұрақ қою арқылы қысқы серуен тақырыбы аясында білімдерін кеңейту. Шеңбер құрып тұрады. Допты бір-біріне лақтырып бере отырып, қыс мезгілінің ерекшеліктерін айтады. Педагог көмек беріп тұрады.	**Дидактикалық ойын**: «Не жақсы не жаман?» **Міндеті:** Балаларға қыс мезгілі туралы мағұлмат беру. Жыл мезілдері жайлы білімдерін толықтыру. Қыс мезгіліне деген қызығушылығын арттыру. Қыс мезгілін пазлдар арқылы құрастырады. **(Қоршаған ортамен таныстыру, Құрастыру)** **Дидактикалық**	**Дидактикалық ойын:** «Бізге көлік қалай және қандай көмек көрсетеді?» **Міндеті:** Балалар екінші бағандағы суреттерді көлік түрлерімен сәйкестендіреді, яғни сызықтар арқылы қосады.Көліктердің дыбысын айтқызу арқылы артикуляциялық жаттығу жасату. **Күтілетін нәтиже:** Балалар көліктердің түрлерін ажырата білуге арналған тапсырманыорындай ды. **(Сөйлеуді**	**Дидактикалық ойын**: «Адасқан төлдерді тап» **Міндеті:**Дидактикалық кітапшадағы үй жануарларына қыстырғыш арқылы төлдерін қосады. Төлдердің аттарын атайды.Үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру. Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу. **(Көркем әдебиет)** **Музыка** **Ойын:** «Сақина салу» **Ән айту:** «Ақ әжем» Қ,Қуатбаев, О.Әубәкіров **Міндеті:**

